



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ: ҮМІТТІ АҚТАЙ МА?



Құқықтық жүйедегі бедел қай кезде де маңызды. Жалпы, халықтық тәртіпті реттеу, азаматтардың құқығын қорғау, бұл салаға қатысты жағымды көзқарасты қалыптастырып, құқықтық сауатты көтеру – мемлекеттің жіті назарға алып отырған бағыты. Бүгінгі шара да осындай мақсаттарды көздейді.

Қылмыстық процестің үш буынды моделіне көшу және полицияның сервистік моделін енгізу. Президенттің Көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Әсет Исекешевтің төрағалығымен өткен жиынның негізгі көтерген мәселесі осы тақырыпқа арналды.

(Соңы 3-бетте)



КЕМЕЛ ЕЛДІҢ
КЕМЕҢГЕР ҚҰЖАТЫ

6-бет



КӨЗСІЗ КӨБЕЛЕК

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

САРАП

Ермек БЕКЖҮНІСОВ,
«Азаматтарға арналған
үкімет» мемлекеттік
корпорациясының Алматы
қаласындағы филиалының
директоры:

ЗАМАН АҒЫМЫНАН ҚАЛМАУ МАҢЫЗДЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы өліміздегі мемлекеттік қызметтер провайдері болып табылатын үлкен мекеме. Мұнда тізілімдегі 690 қызметтің 662-сі, яғни 95,9%-ы көрсетіледі. Корпорацияның қызметі мен соңғы жаңалықтары туралы Алматы қаласы филиалының директоры Ермек Құралбекұлы БЕКЖҮНІСОВПЕН сұхбаттасқан едік.

– Ермек Құралбекұлы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына қарасты Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (ХҚО) жұмысын көнбейерге теңеуге болады. Мемлекеттік қызметтердің 93%-ы цифрлық нұсқада болуына қарамастан, халық көп жағдайда әлі де үйреніп қалған ХҚО-ларға баруда. Пандемия жағдайында онда халықты қабылдауда қандай өзгерістер болып жатыр?

(Соңы 5-бетте)

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТА БАСТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы, мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет», – деген-ді. Демократияға ұмтылған кез келген мемлекеттің арманы азаматтық қоғам. Азаматтық қоғам ол зайырлы, еркін, шын мәніндегі тәуелсіз елдің көрінісі. Отыз жастағы азаматтың көзқарасы орнығады, сенімі бекиді, бағытын айқындайды. Ендеше, осындай отыз жылдықтың есігін аттағалы тұрған Қазақстан өз халқына сенім мен үміт сыйлай алды ма, демократиялық елде тәуелсіз көзқарас, азаматтық үн ашық айтыла ма? Президент айтқандай, азаматтық қоғам әлеуеті нығайды ма? Мемлекеттік маңызы бар мәселелерде азаматтардың үні елеп, ескеріле ме?

Тәуелсіздіктің отыз жылдығы тұсында елдегі қоғамдық белсенділік артқаны көрінеді. Қай саланы алып қарасаңыз да, ілгерілеушілік байқалады. Адам капиталына басымдық беру мәселесі кеш те болса қозғалып, бүгінгі қоғам осы адам капиталын дамыту мәселелерін қолға алды. Алайда қоғамдық

формацияның нарықтық қатынастарға қарай бет бұруы азаматтық институттардың жеке дара жұмыс істеп кетуіне өз кедергісін тигізбей қалған жоқ. Қаржылық тәуелділік елдегі бұл үрдістің етек алуына белгілі бір дәрежеде кедергі жасады. Қоғамды ілгерілетуші тек көзқарас пен ұстаным ғана емес

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ИМИДЖІН ҚАЛАЙ КӨТЕРЕМІЗ?

Арман ЖУСАНБАЙ, тәуелсіз журналист, ішкі істер органының отставкадағы полиция подполковнигі:
– Полиция қызметкерлерінің имиджін көтеру бағытындағы ұсынысты өзім үшке бөліп отырмын. Біріншіден, полиция қызметкерлері халықпен тығыз жұмыс істеу керек. Соған сай, халық тарапынан қолдау қалыптасуы қажет. Екіншіден, полицияның қорғау функциясын арттыру туралы заң керек. Ол заң «полиция жұмыс істесін» деген секілді құрғақ лозунгтер емес, оларға жағдай жасап барып, жұмыс нәтижесін талап ететіндей заң болуы керек. Оларды материалдық тұрғыдан қамтамасыз етіп, пәтер, көлік беріп, жақсы жалақы тағайындап, тек жұмысының сапасын ойлайтын-дай дәрежеге жеткізу керек. Сонда ғана нәтиже сұрап, нәтижеге жете алмағандарды жұмыстан қуып, ал талапқа сай болғандардың кәсіби біліктілігін одан әрі арттырып, жағдай жасауға тырысқан дұрыс.

Соңғы кездері әлеуметтік желілерде полиция қызметкерлерінің атына жазылатын теріс пікір, негатив жазба, бейнетүсірілімдер көбейіп кетті. Неге? Қайтсек қоғамымызда полиция қызметкерлерінің оң бет-бейнесін қалыптастырамыз?

Ал шындығында, еткен қызметіне сай, бүгінгі күннің батырлары деуге лайық азаматтар полиция қызметкерлерінің арасында да көп. Тек олар туралы аз айтылып, аз жазылуда. Сондықтан журналистер тарапынан бейбіт күннің батырлары деуге лайық полиция қызметкерлері жайлы көбірек жазылуы керек. Сюжеттер түсіріліп, халық арасында көрсетілуі керек. Ерлікке бергісіз істері дәріптеуі қажет.

Мырзабек БЕКБЕРДІ, заңгер:
– Шыны керек, полиция қызметкерлері бір кездері өте мәртебелі мамандық болатын. Кішкентай балалардан «кім боласың» дегенде, «полиция қызметкері боламын» дейтін. Армандап, арнайы сол мамандық иелерінің жолын қуатын. Ал қазір кім көрінгеннің қит етсе таспаға түсіріп, олардың жағымсыз бет-бейнесін қалыптастыруы үрдіс алып барады. Қоғамда да полиция қызметкерлерін жақтырмайтын, мүмкіндігінше олармен байланыспауды ойлайтын көзқарас қалыптасып тұр.

(Соңы 6-бетте)

(Соңы 3-бетте)

ЖАҢА КОДЕКС ҚОЛДАНЫСТА

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс шілде айынан бастап күшіне енді.

Бұған дейін әкімдіктің немесе басқа мемлекеттік билік органдарының шешіміне, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Азаматтық процестік кодекс тәртібімен қаралды. Бұл ретте АПК-нің 29-тарауында белгіленген бұрынғы ережелерге сәйкес екі тарап тең; сот процесі жазыспалы түрде болып, кімнің дәлелі мықты болса, кім сотты барынша сендірсе, сол дауда жеңіп шыққан еді. Ал, жаңа кодекс бойынша даулар мүлдем басқа принциппен қаралады.

Талап қоюшы өз мүмкіндіктеріне сәйкес дәлелдемелерді жинауға қатысуға міндетті. Берілген талап қою түріне қарамастан, талап қоюшы құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы өзіне мәлім болған уақытты, сондай-ақ келтірілген залалдың мөлшерін дәлелдеуге

міндетті. Ал даулы шешім заңды ма, заңсыз ба, оны енді жауапкер дәлелдеуі тиіс. Әкімшілік орган өзі қабылдаған шешімінің заңдылығын, қажеттілігін, негізділігін дәлелдеуі тиіс.

Жаңа кодекс бойынша әкімшілік орган деп мемлекеттік орган ғана емес, сондай-ақ, әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) жөнінде өкілеттіктер берілген өзге де субъектілер түсініледі. Яғни, әкімшілік органның басты критерийі – әкімшілік актіні қабылдауға өкілеттік.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексында судьяға айрықша құзырет берілген. Соттың белсенді рөлі мыналарды қамтиды:

□ сот құқықтық салдарды алдын ала түсіндіре отырып, тарапқа талап қою талаптарын тұжырымдауда және (немесе) өзгертуде жәрдем көрсетуге құқылы;

□ сот процестің барлық саты-

ларында формальды қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтініш-хаттарды беруге, толық емес нақты деректерді толықтыруға, әкімшілік істің мән-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетуге міндетті;

□ егер әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болып табылса, сот оларды өз бастамасы бойынша жинайды;

□ сот тараптарды татуластыру үшін шаралар қабылдайды.

Әкімшілік іске қатысатын адамдар қандай да бір дәлелдемені жойып, немесе жасырмауы керек, сондай-ақ дәлелдемелерді алуға кедергі келтірмейуі керек. Мұндай жағдайда сот дәлелдеу ауыртпалығын кедергі келтіруші тарапқа жүктеуі мүмкін.

Сот өзі белгілеген мерзімде дәлел-



Асель ЖАМАНТАЕВА,
Батыс Қазақстан облысы
Жәнібек аудандық сотының төрағасы

демелерді ұсынудың мүмкін еместігі туралы хабардар етілмеген, сондай-ақ талап еткен дәлелдемені ұсыну міндеті

орындалмаған жағдайда сот он айлық есептік көрсеткіштен бастап жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкілдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін сот жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Қорытындылай келе, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы құқықтық мемлекет идеясына сәйкес мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастардың жаңа сатысына, заңның үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі елеулі қадамға айналды. Бұл мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін және құзыреттілігін арттырады.

АЛТЫН ӘРІППЕН ӘДІПТЕЛГЕН КҮН

Ата Заң – еліміздің айбары. Ата Заң – елдігімнің айғағы. Ата Заң – Мәңгілік елдің айдары. Мінекей, азаттығымызды айқындайтын, егемендігіміз бен тәуелсіздігіміздің іргетасы болар, әрбір азаматтың конституциялық құқығын танытатын қастерлі құжатымыз – Ата Заңымыздың қабылданып, заңды күшіне енгеніне 26 жылдың жүзі болыпты.

1995 жыл Қазақстан тарихындағы ең елеулі, тарих беттерінде алтын әріптермен жазылған жыл болды. Себебі осы жылы тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың бастамасымен сарапшылар тобы құрылып, жан-жақты сауатты, әр азаматтың құқығын ескеруге мүмкіндік беретін басты заңымыз әзірлене бастады. Әрқайсысы мемлекеттің ұстанымы, ұлттың құндылығы, болашаққа бағдары осы құжатта көрініс табу қажет екендігін түсіне отырып, заңның өзегін ұлттың өзіне тән ұлттық болмысынан, жүрген жолынан, танымы мен саяси сана-сезімінен шығаруға тырысты. Сонау хандық билік тұсындағы дала заңдары, атап айтқанда «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» секілді заң жүйелерінде көрсетілген талаптар ескеріліп, адамзат баласының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан жалпы құндылықтарын бойына сіңірді. Бір сөзбен айтқанда, Ата Заңымыз бабалардың даналығы мен қазіргі заманның рухын бірлестіріп, үйлестірген, жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың мүддесі мен меншігін, құқығын заңды түрде бекіткен басты құжат болды.

Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Конституция мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі! Біз аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасқан әлеуметті елге айналдық. Ортақ шаңырағымыздың шекарасын шегелеп, іргемізді мызғымастай етіп бекіттік.

Еліміздің Ата Заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Конституциямызда адамдардың табиғи құқықтыры мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыра және дамыта отырып, Қазақстанда азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Ең жоғарғы заңдық күші бар Қазақстан Конституциясы республикадағы қолданылатын және қалыптасып жатқан құқықтық жүйенің нормативтік бастауы бола тұра, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың маңызды жақтарын реттейді. Ол – ел тәуелсіздігінің, мемлекеттігінің негізгі тірегі, саяси-құқықтық төлқұжаты.

Ата Заңның бірінші тармағында «Қазақстан өзін ең қымбат қазынасы – адам және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады», – делінген. Занда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің салаларын өркендетті заң жүзінде басқаруға мүмкіндік береді.

Конституцияның адам құқықтары мен

бостандықтарына арналған нормалары басқа салалық заңнамалардың мазмұнына да әсер етеді. Кеңес заманында қалыптасқан түсінік бойынша адамды заңбұзушы – бұзақы ретінде көру келмесе кетіп, керісінше, кінәсіздік презумпциясын басшылыққа алу кең өріс алды. Конституциямызда бекітілгендей, тұлғаға құрметпен қарау, оның жеке құқықтарын таптамау, сот пен заң алдындағы теңдік қағидалары заманымызға сай идеологияға айналды. Адамның табиғи құқықтарын үстем қою мемлекет қызметінің негізгі бағыты десек еш қателеспейміз.

Конституцияға кейін енгізілген өзгерістерге сәйкес, адамды тұтқындау соттың санкциялауы арқылы жасалатын болды. Бұл жаңашылдықты мемлекеттің адам құқығын қорғау төңірегіндегі жалпыға танымал стандарттарға жақындауының аса маңызды бөлігі деп білу керек. Бұл соттық бақылауды кеңейтудің және алдын ала зерттеу жүргізу кепілдігін енгізудің алғашқы қадамы.

Сот үш биліктің біреуі болғандықтан Конституцияның 7-бөлігі соттар және сот төрелігіне қатысты, онда Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады және Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды делінген.

Сонымен қатар, қолданыстағы Ата Заңымыз республика өмірінде экономикалық, индустрия-инновациялық, қоғамдық-саяси өзгерістерге де жол ашты. Конституция мемлекеттік биліктің біртұтастығын бекіте отырып, оны бірегей, жұмылған жұдырықтай жүйеге айналдырды. Мемлекеттік билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін күшейтті.

Әлбетте, Конституцияның қоғам өміріндегі, еліміздің тарихындағы орны бөлек. Конституция қағидаларына сәйкес, еліміздің демократиялық жолмен даму бағыты айқындалды. Құқықтық мемлекет қалыптастыру қағидалары қоғамда және азаматтардың санасында түпкілікті бекітіліп, өз жемісін беруде. Осының бәрі қолданыстағы Ата Заңды арқау ете отырып, оның ережелерінен еш ауытқымай, елге, халыққа қызмет етіп отырған Тұңғыш Президент – Елбасының сарабал конституциялық саясатының арқасы.

Ең бастысы, Қазақстан мемлекеттігінің нығаюына, еліміздің дамуына, халқымыздың өсіп-өркендеуіне негіз қалап берген Конституция Тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге де әлеуетті екенін танытып отыр. Ендеше, әрбір қазақстандық Ата Заңымызды сыйлап, құрметтей білсе, сол игі! Сонда ғана тәуелсіздігіміздің тұғырлы, болашағымыздың кемел, бауырымыздың бүтін, бірлігіміздің бекем болары сөзсіз. Әр әрпі, әр сөзі, әр сөйлемі рухымызды биіктетіп, мәртебемізді асқақтатып отырған Ата Заңымыз ғұмырлы болсын.

**Ермахан РАХМАНБЕРДІ,
Еңбекші аудандық сотының судьясы
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ**

БАҚ ӨКІЛДЕРІ СОТ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Ақмола облыстық сотының сот алқаларының төрағалары Раджаб Даминов, Серікжан Ғабдулин және Найля Нұралыева Ақмола облысының өңірлік коммуникациялар қызметінің медиа-орталығында 2021 жылдың 7 айындағы облыс соттары жұмысының нәтижелері бойынша БАҚ өкілдеріне брифинг өткізді.

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Раджаб Даминов, азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Серікжан Ғабдулин Ақмола облысының соттарымен қылмыстық, азаматтық істер бойынша сот төрелігін іске асырудың қорытындылары туралы айтты. Сонымен қатар, әкімшілік істер бойынша сот төрелігін іске асыру жөнінде Ақмола облысы

соттарының жұмысы туралы әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Найля Нұралыева баяндама жасады.

Сот алқаларының төрағалары журналистермен кездесуде сот төрелігін сапалы жүзеге асыру, соттарға сенімді арттыру, азаматтардың сотқа қолжетімділігін қамтамасыз етуге қатысты Мемлекет басшысы мен Жоғарғы Сот төрағасының тапсырмаларының қалай жүзеге асырылып жатқанын айтып, кейбір заңнамалық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіріп, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот жұмысымен таныстырды.

1 шілдеден Ақмола облысының соттары Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін қолдануға кірісті. Бір айдың

ішінде соттардың өндірісіне 124 талап арыз түсті. Олардың негізгі санатын сот орындаушылардың әрекеттерін даулау (27 %) және жер құқық қатынастарынан туындайтын (14 %) талап арыз құраған. Сот орындаушыларға ұсынылған талап арыздар бойынша 2 медиативтік келісім жасалды. Ақмола облысы әкімінің атына 1 жекеше ұйғарым шығарылды.

ӘРІПҚ судьяларға сотта белгіленген қағидаларды бұзатын және әкімшілік сот ісін жүргізуге кедергі жасайтын адамдарға қатысты мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігін берді. Сот тәжірибесі көрсеткендей, әкімшілік органдар іс жүргізу құқықтарын асыра пайдаланады немесе іс жүргізу міндеттерін орындамайды, яғни сот талаптары орындалмай, даулардың уақытылы шешілуіне кедергі жасалады. Соттар 2021 жылдың шілде айында әкімшілік органдардың лауазымды тұлғаларға барлығы 3 ақшалай (айыппұл) жаза тағайындады.

Сот алқаларының төрағалары брифингте журналистердің барлық сұрақтарына, сондай-ақ, тыңдаушылардан тікелей эфирге түскен сұрақтарына жауап берді.

**Ақмола облыстық сотының
баспасөз қызметі**

ЖЕМІСТІ ОТЫЗ ЖЫЛ

Сонау алыста қалған 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданған болатын. Бұл қоғамның, адам құқықтары мен бостандықтарының, меншіктің, саяси плюрализмнің және билік бөлінуінің негізгі қағидаларын бейнелейтін құқықтық, саяси және идеологиялық құжат.

Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз жыл ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғыртуда қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Дәуір жасампаздығы сенімді және серпінді дамуға байланысты. Сондықтан да тәуелсіздік ерекше маңызға ие.

Біздің алдымызда Тәуелсіздік мерейтойын жоғары идеологиялық деңгейде өткізу міндеті тұр. Ел тарихындағы осындай бірегей белесті толайым табыстармен қарсы алу баршамыз үшін үлкен сын. Тәуелсіздік тойы жалпы халықтық сипатқа ие болып, отандастарымызға айрықша рух беруі керек. Тәуелсіздік тойына әрбір

қазақстандық өз үлесін қосуы тиіс. Ол құқық қорғау саласында қызмет етіп, жүрген кез келген отандасымыздың сапалы еңбек етіп, ел игілігін арттыруымен өзектес. Яғни, азаматтарымыздың адал еңбегі мен елге деген шынайы құрметі тәуелсіздік тойына жасалған үлкен тарту болмақ.

2021 жыл – Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы тойланатын жыл. Қазіргі уақытта ҚР құқықтық мемлекетке айналды. Отыз жылдық мерзім ішінде елімізде кен көлемді мемлекеттік түбегейлі өзгерістер орын алды. Екі палаталы Парламент құрылды, сот жүйесінің негізі қаланды, жаңа елорда салынды. Қарулы күштер, Республикалық ұлан, шекаралық әскерлер және әскери теңіз флоты пайда болды. Қазақстан өз аумағында ядролық қаруды пайдаланудан өз еркімен бас тартып, өзін ядролық қарусыз ел ретінде жария етті. Еліміздің халықаралық саясаты мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігінің дүниежүзілік кепілдігіне қол жеткізуге бағытталды. 130-дан аса ел Қазақстанды ресми түрде танып, тату дипломатиялық қарым-қатынас құрды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы мен ЕҚЫҰ-ның толық құқылы және белсенді мүшесі болып отыр, сондай-ақ еліміз Еуроодақ, Еуропалық қайта құру және даму Банкі, Халықаралық валюта қоры, Халықаралық атомдық энергия агенттігі, Қызыл Крест, ЮНИСЕФ

және ЮНЕСКО сияқты аса беделді халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуын күшейтуде.

Жыл сайынғы Президенттің халыққа арналған жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды. Елбасы өз жолдауында құқық қорғау жүйесін реформалаудың бағыттарын көрсетіп берді, олар – құқық қорғау жүйесін онтайландыру, әрбір мемлекеттік органның нақты құзыретін белгілеу, заңдарды ізгілендіре отырып сапасын арттыру, құқық қорғау жүйесінің қызметінде ішкі ведомстволық мүддеден азаматтардың құқық пен мемлекеттің мүддесін қорғауға ауыстыру. Парламенттік және қоғамдық қатал бақылауды қамтамасыз ету, құқық қорғау органының қызметінде есептілік пен бағалау жүйесін жетілдіру. Сондай-ақ, қазіргі күнде жүзеге асырылып отырған қамауға алу, үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын қолданудың сотқа берілуі азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуының кепілі болып отыр.

**Алма ОРАЗБАЕВА,
Жаңақорған аудандық
сотының бас маманы,
сот отырысының хатшысы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БІЛГЕН ЖӨН

ҮШ БУЫНДЫ
МОДЕЛЬ:
ҮМІТТІ АҚТАЙ МА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент Қ.Тоқаев өзінің бұған дейінгі жолдауларында құқық қорғау саласындағы міндеттерді айқындаған, бұл саланы жанашылыққа, жауаптылыққа шақырған. Әсет Исекешев кездесу барысында қылмыстық процесті жаңғырту жөніндегі пилоттық жобаның бүкіл елге масштабталғанын айтты. Жиында Алматыға қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізу қалай өтіп жатқаны туралы қала прокурорының міндетін атқарушы Назарбай Ибраймолдаев баяндады.

— 2021 жылы Алматы полициясы қылмыстық істер бойынша 30 225 процессуалдық шешім қабылдады, оның 24 708-і прокурормен келісіліп, бекітілді. Яғни, «прокурорлық сүзгі» азаматтардың құқықтарын бұзу санын 38%-ға азайтуға мүмкіндік берді, — деді Ибраймолдаев.

Кеңес аясында Әсет Исекешевке қылмыстық істерді жүргізудің жаңа форматы, қызметкерлердің жұмыс орындарын жабдықтау және өңделетін деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері көрсетілді.

— Қазір Алматы полиция департаментінде қылмыстық істерді электронды форматта жүргізу үшін 375 жұмыс орны жабдықталған. Е-форматты қолдану полицейлердің жұмысын ашық етеді, ал деректерді қорғау бойынша пайдаланылатын технологиялар қылмыстық істе құжаттардың бұрмалануына және ауыстырылуына жол бермейді, — деді Алматы ПД бастығы Қанат Таймерденов.

Электрондық формат қабылданатын шешімдерді келісу процесін жеңілдетуге және жылдамдатуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге және тергеу сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Алматының жол қауіпсіздігін бақылау жүйесінің жұмысымен танысты. Жүйе Алматы ПД жедел басқару орталығына шоғырландырылған 2 мыңнан астам бейнекамерадан тұрады.

Жиын барысында Әсет Исекешев полицияның сервистік моделін пилоттық режимде енгізу процесі еліміздің үш өңірінде жүзеге асырылып жатқанын айтты. Исекешев сондай ақ, Алматы еліміздің ең ірі қаласы екендігін, қалада пилотты жобаларды іске асыруға жауапкершілікпен қарау маңыздылығын жеткізді.

— Құқық бұзушылықтың алдын алудың қазіргі заманғы жүйесін құру тәсілдері мен полицияның сервистік моделін ел Президенті жанындағы Құқық қорғау және сот жүйелерін реформалау жөніндегі комиссия мақұлдады. Сондықтан сіздер, полицияның сервистік үлгісі жұмысының негізгі қағидаттарын, ондағы әкімдіктің, басқа да мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың рөлін түсінулеріңіз қажет. Сіздер пилоттық аумақтың мемлекет пен қоғамның әріптестігіне негізделген қаланың қауіпсіздік жүйесінің визиттік карточкасы болып табылатын Алматы қаласының бүкіл аумағында жинақталған тәжірибені тираждау үшін базалық аудан болатынын түсінулеріңіз қажет. Бұл ретте, қазірдің өзінде ең криминогенді аудандардағы қылмыстың нақты көрінісін қалыптастыру және бүкіл қала бойынша шаралар кешенін анықтау үшін сарапшылар мен құқық қорғау органдарының ардагерлері жобалық кеңсе аясында жұмысты күшейту қажет: қажет болған жерлерге бейнекамералар қою, учаскелік пункттер санын арттыру, патрульдерді күшейту, жарықтандыруды жақсарту, — деп атап өтті Исекешев.

Ол құқықтық тәртіп деңгейін одан әрі арттыру бойынша сапалы жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтіп, бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Кеңеске Бас прокурор Ғизат Нұрдәулетов, Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев, Президент Әкімшілігінің Қауіпсіздік және құқық тәртібі бөлімінің меңгерушісі Алексей Калайчиди және Алматы қаласының құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

Ж. ҚҰДАЙБЕРГЕН

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Жұмыс берушілерді, кәсіп-одақтарды, еңбек ұжымдарын «Қауіпсіз еңбек» ұранымен іс-шаралар өткізуге, сондай-ақ, «VisionZero» нөлдік жарақаттану тұжырымдамасына қосылуға» шақырып келеді. Ондағы мақсат – өндірістік жарақаттанудың алдын алу, қауіпсіз еңбектің насихаттау және қызметкерлердің еңбек процесінің қауіпсіздігіне саналы көзқарас қалыптастыру.

Денсаулық — ең басты байлығымыз дейміз. Алайда, қызмет барысында денсаулығымызға зиян келтіріп алуымыз ғажап емес. Сол себепті, өндірісте қауіпсіздік техникасын қатаң сақтауымыз қажет. Өндірісте төтенше жағдайлар жиі орын алып жатады. Ол — жұмысшының денсаулығына зақым келтіретін қауіпті факторлардан туындайтын жағдай. Өндірістік жазатайым оқиғалар қандай жерде болғанына; қанша адам зардап шеккеніне; жарақаттың ауырлығына байланысты бөлінеді.

Негізінен жарақаттың 4 түрі болады, механикалық; ыстық-суықтан болған; химиялық, электр жарақаты.

Жарақаттың зардабы моральді және материалды болып бөлінеді. Өндірістік жарақаттың салдарынан еңбекке уақытша, тұрақты жарамсыздық немесе өте ауыр түрлі өлімге әкелуі мүмкін. Денсаулықтың бұзылу ұзақтығы үш аптадан жоғары (21 күннен асса) немесе жұмыс істеу қабілеттілігін 10-33% дейін төмендететін жарақат аса ауыр емес дене жарақатына жатады. Ал денсаулықтың бұзылуы 6 күннен астам, бірақ 3 аптадан артық емес болса жеңіл дене жарақатына жатады.

«Өндірістік жарақат, еңбек қауіпсіздігін

ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК
ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАН
САҚТАЙДЫ

қалай сақтауға болады?» деген сауалға заңгер, Шымкент қалалық адвокаттар алқасының мүшесі Қайырғали Абдраманов былай жауап берді:

«Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша еңбек қатынастары ең алдымен еңбек шартын жасасуды қарастырады. Ол шарт бойынша жұмыс беруші мен қызметкер Еңбек кодексінің нормаларын сақтап, ортақ жауапкершілік артады.

Өндірістегі сәтсіз оқиғалар және жұмыскердің зақымдалуы туралы жұмыс беруші арнайы формада міндетті түрде:

1. Еңбек бойынша мемлекеттік органдардың территориялды бөлімшелеріне, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілердегі болған сәтсіз жағдайлар кезінде төтенше жағдайлар бойынша жергілікті органдарға хабарлау керек;

2. Ұйым жұмыскерлерінің басқарушыларына;

3. Сақтандыру ұйымдары мен келісімшарт бар болса, сақтандыру ұйымдарына;

4. Кәсіби аурулар мен уланулар туралы Мемсанэпид қызметтің жергілікті ұйымына т.б: хабар беру керек.

Жайлы жұмыс орнын жасай алмаған жұмыс берушіге міндеттелетін жауапкершіліктер мынадай:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 133-бабына сәйкес, жұмыс орнында алынған жарақат (өндірістік жарақат) немесе денсаулыққа зиян келтіру кезінде еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша жұмыс беруші әлеуметтік жәрдемақы төлем үшін материалдық жауапкершілік көтереді. Әлеуметтік жәрдемақылар төлеу үшін Еңбекке қабілетсіздік парактары негіз болып табылады. Бақытсыз жағдайға ұшыраған қызметкерге төлемдерді негізінен

жұмыс беруші (жекеменшік компанияларда) немесе мемлекет береді.

Жарақат алғанда көрсетілетін көмектер уақытша еңбекке жарамсыз болған жағдайда қызметкерге еңбекке жарамсыздықтың бірінші күнінен бастап сауыққанға немесе мүгедектігі бойынша тұрақты зейнетақы белгіленгенге дейін орташа жалақысы төленеді. Оны экономикалық әдіс бойынша есептейді».

«Қандай жағдайларда жәрдемақы төленбейді?» — деген сұраққа заңгер:

• Занды күшіне енген сот үкімі мен айыптылығы анықталған жағдайда, қылмыстық құқықбұзушылық жасау барысында алған жарақаттары салдарынан еңбекке жарамсыз болған қызметкерге;

• Соттың анықтауы бойынша мәжбүрлі емдеу кезінде (психикалық науқастандан басқа);

• Занды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен жұмыскердің айыптылығы анықталған жағдайда сот-медициналық сараптамасы кезінде және қамауда болған кезде;

• Алкоголь, есірткі немесе уытты заттарды пайдалану салдарынан жарақаттар алғанда немесе ауруынан жұмыскер уақытша еңбекке жарамсыз болғанда;

• Жыл сайын төленетін еңбек демалысы кезінде уақытша еңбекке жарамсыздық күндері үшін» — дейді.

Өндірістік жарақат алғандардың бірі — Наурызбек Азаматов. Наурызбектің айтуы бойынша, ол жұмыс барысында құрылғының істен шығуы кесірінен жарақат алған. Компания барлық шығынды (аурухана, дәрі-дәрмек, т.б) толықтай көтерген.

Жұлдыз ҚАХРАМАНОВА

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

БАСТАМАЛАР БАЯНСЫЗ ЕМЕС

Қазақстан егемендік туралы декларациясын жарияламай тұрып-ақ — әлем елдері мен БҰҰ, ЕҚЫҚ, ЕО, ХВҚ, Дүниежүзілік банк, Еуропа қайта құру және даму банкі, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЮНЕП, ЭСКАТО, БҰҰ ДБ, ДДСҰ, МАГАТЭ, ЭЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық қарым-қатынасты тереңдетуге ерекше көңіл бөлгенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Мәселен, 1990 жылы 24 сәуірде өткен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 12-шақырылымының 1-сессиясында Н.Назарбаевтың Қазақ КСР Президенті ретінде: «Орталық пен республиканың сыртқы экономикалық қызмет саласына қатынасын қайта қарау қажет. Бүгін сыртқы экономикалық, валюталық егемендіксіз «ішкі» егемендіктің толық емес әрі толыққанды болмайтыны айдан анық» деген сөзі тарихи бастамаларға серпін берді. Атап айтқанда, 18 мамырда Н.Назарбаев француз модельері П.Карденді қабылдағанда Қазақстан мен Францияның іскерлік топтары арасындағы байланысты дамыту мәселелері талқыланды. П.Карден жеңіл және тамақ өнеркәсібі саласында біріккен кәсіпорындар ашуға қызығушылық білдіріп, туризм мен ЮНЕСКО-ның 1987 жылы қабылданған «Жібек жолы» халықаралық бағдарламасын іске асырудың келешегіне тоқталды. 2 маусымда «British Petroleum» корпорациясының бас басқарушысы Д.Браунмен болған кездесуде ол Ұлыбританияның іскер топтары Қазақстанмен тікелей экономикалық байланысты дамытуға әзір екенін айтты. 16 маусымда ҚХР Бас прокурорының орынбасары Ван Сюаю мен ҚХР Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданы прокуратурасының бастығы М.Курбанмен кездесуде мемлекеттік-құқықтық құрылыс саласындағы ынтымақтастық мәселелері сөз болды. 25 маусымда Сауд Арабиясы Корольдігінің шеші, «Dallah Albaraka Group» қаржылық тобының президенті Салех Абдалла Камелмен кездесуде екі елдің іскер топтары арасындағы экономикалық және қаржылық байланыстарды дамыту жайы қарастырылды. 27 маусымда КСРО-дағы АҚШ-тың Төтенше және өкілетті елшісі Дж. Мэтлокты қабылдағанда да екіжақты қатынастарды дамытуды сөз етті. Ал 30 маусымда Америкалық сауда консорциумының төрағасы Д.Гиффенмен кездесуде «Chevron Corporation» компаниясының теңіз мұнай кең орнын игеруі жөніндегі мәселелер қозғалды. Н.Назарбаев 16-26 шілдедегі АҚШ-қа сапарында оны басқарма төрағасымен тағы пысықтап, өзге де маңызды кездесулер өткізіп қайтты. 23 тамызда жапон

жазушысы М.Оду мен бір топ жапон тілшілерін қабылдаған кезде Жапонияның өнеркәсіптік, қаржылық және іскерлік орталықтарының өкілдерін Қазақстанға шақырды. 5 қыркүйекте Корея Республикасының Ұлттық ассамблея депутаттары мен ірі компания басшыларын қабылдағанда өнеркәсіп, сауда, білім, ғылым және техника дамуының корейлық тәжірибесін енгізу жайы сөз болды. Бұл 18 қазанда Корея Республикасының КСРО-дағы елшісі Гонг Ро-Мюнті оның өтініші бойынша қабылдаған кезде де қызу талқыланған болатын. Ал 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 12-шақырылымының 2-сессиясының пленарлық отырысында «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларациясын» 261 депутат қолдап дауыс берген соң (18 депутат қарсы болып, 2 депутат қалыс қалып, 1 депутат дауыс бермеді) бұл үрдіс тың қарқынмен алға жылжыған еді. Сондықтан Н.Назарбаев 1991 жылы 4 қазанда республика күніне арналған жиналыста сөйлеген сөзінде: «Республиканың мемлекеттік егемендігі туралы декларация Қазақ КСР-нің нақты тәуелсіздігі мен дербестігін орнықтыру процесін бастап берді. Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның жариялануы өзінің туып-өскен жеріне, ана тіліне, мәдениеті мен дәстүріне, өз тағдырын өзі шешуіне толық құқы бар екенін айқын сезінген халықтың ерік-жігерінің жарқын көрінісі болды деп айтуға толық негіз бар. Мемлекеттік егемендік туралы декларацияға сәйкес Қазақстан бүгін халықаралық қарым-қатынастың дербес субъектісіне айналып отыр. Біз сыртқы экономикалық байланыстарды нығайтуға зор назар аудардық. Бүгінде оған республиканың жүздеген кәсіпорындары мен ұйымдары қатысады. Бізде 35 бірлескен кәсіпорын тіркелді. 16 сыртқы экономикалық қауымдастық жұмыс істейді» деген болатын. Қазіргі таңда Қазақстан әлемдегі 200-ге жуық мемлекеттің 150-ден астамымен экономикалық қарым-қатынас жасауда. Ал шетелдіктердің қатысуымен ашылған бірлескен кәсіпорындар саны жүздеген мыңға жетіп, сыртқы экономикалық қауымдастықтар мыңдап саналады. Бір кездері «Елу жылда ел жана, жүз жылда қазан» дейтіндер жаһандық ықпалдастықтың арқасында, қазіргі таңда өзгеріс үшін бір жылдың да жеткілікті екенін мойындай бастады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ИМИДЖІН ҚАЛАЙ КӨТЕРЕМІЗ?

Арман ЖУСАНБАЙ, тәуелсіз журналист, ішкі істер органының отставкадағы полиция подполковнигі:

— Сондай-ақ, полиция қызметіне кім көрінгенді жұмысқа ала бергенді де қойған жөн. Мұны осы салаға керекті үшінші қажеттілік дер едім. Осы мамандыққа жүрек қалауымен келген, өз кәсібін сүйетін мамандарды ғана қалдырса нұр үстіне нұр. Әбден ысылған, өз жұмысының отымен кіріп, күлімен шығатын мамандар ғана саланы алға сүйрейтіндіктен, сондай мамандарға құрметті арттыру қажет. Мәдениеті жоғары, сыпайы мамандар қалыптастыру қызметтің сапасын арттырады. Тағы бір айта кетер жайт, бізде бас-көз жоқ полицияға сын айтушылар көп. Егер негізсіз сын болса, сыңға алғандардың өзін жазалауды қарастыру керек. Ел азаматтарының конституциялық құқығын қорғайтын уәкілетті орган өкілдері болғандықтан оларды заңмен қорғауға міндеттіміз. Дамыған елдерде полиция қызметкерлеріне құрметпен қарайды. Сол елдің ішкі тәртібінің кепілі ретінде көзқарас қалыптасқан. Сондай түсінік біздің елімізде де қалыптасуы үшін жұмыстар жасалғаны дұрыс. Ол үшін халқымыздың азаматтық түсінігін, құқықтық сауаттылығын да арттыру уақыт талабы.

Кез келген жерде бейнетаспаға түсіріп, олардың беделін кемітіп қалуға тырысатындар көбейгендіктен осындай қадамдарға баруға мәжбүрміз. Азаматтарымыз сол қылығы арқылы ерлік жасадым деп ойлайды. Ал шын мәнінде олардың бұл қылығы мәдениетінің төмендігін көрсетеді.

Мырзабек БЕКБЕРДІ, заңгер:

— Ашқан ауыр қылмыстары, қызмет барысында қаза болған полиция қызметкерлері жайлы көбірек халыққа мағлұматтар берілуі керек. Негізі, көп нәрсе идеологияға байланысты. Полиция қызметкерлері жайлы кинолар, мультфильмдер түсіруіміз керек. Өйткені, бала санасында кино, мультфильм арқылы түсінік қалыптасады. Сондай-ақ, полиция қызметкерлерінің жауапкершілігін де жоғарылатуымыз керек. Көп нәрсе олардың өздеріне де байланысты.

Полиция қызметкерлерінің имиджін қалыптастыру үшін кім көрінгеннің осы салаға кіріп кетуінен сақ болуымыз керек. Полиция қызметкерлері имиджінің түсуіне мәдениеті төмен, өзге түгілі өзінің құқығын білмейтіндердің әрекеті де әсер етуде. Физикалық дайындығы жоғары, сауатты мамандарды іріктеу арқылы ғана осы салаға келуін қамтамасыз етсек, көпшіліктің оларға деген көзқарасы өзгереді еді.

Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ӨБІЛДӨҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ МЕДИАЦИЯ

«Медиация туралы» заңның қолданысқа енгізілгеніне биыл 10 жыл толды. Осы аралықта бұл заң өзінің бірегей құжат екенін, ел мүддесін қорғауға, мемлекеттегі дауекестікті төмендетуге, азаматтардың әуре-сарсаңын азайтуға бағытталғанын толық дәлелдеп үлгерді. Отбасы, еңбек қарым-қатынастарынан туындайтын дауларды шешуде тиімділігін көрсеткен заң кейіннен қылмыстық процесте де қолданыла бастады.

Бүгінде медиацияны халық дауларды шешудің баламалы, әрі ең қолайлы тәсілі ретінде мойындап үлгерді. Сонымен бірге осы жылдар ішінде кәсіби және кәсіби емес медиаторлар да жүктелген міндетті талапқа сай орындап, қос тараптың келіспеушілікті керісіп емес, келісіп шешуіне ықпалын тигізді. Яғни, заң қабылданған он жыл ішінде Қазақстан халқы медиацияның пайдасын естіп, біліп қана қойған жоқ, бұған қоса құжаттың тиімділігіне тәжірибе жүзінде де анық көз жеткізді. Осы аралықта азаматтық даулардан бөлек, қылмыстық процестегі медиацияның қолданысы да күн санап арта түскенін ерекше атап өткеніміз жөн.

Қылмыстық процестегі медиация, ол қандай? Азаматтық істер мен қылмыстық істердегі медиацияның қолданылуында қандай айырмашылық бар? Қалай болғанда да азаматтық дауларға қарағанда қылмыстық процесте қос тарапты татуластыруға үнемі қол жеткізу қиындау. Оның бірнеше негізгі себебі бар. Бұған басты себеп – азаматтар қылмыстық істерде кінәлінің қалайда жауапкершілікті сезініп, жаза арқалағанын құп көреді.

Қылмыстық кодекстің 68-бабына сай онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам келтірілген зиянды орнына қойып, жәбірленушімен татуласса қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады. Заң аясында медиаияны қолданудың ережелері адам өлімімен, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды. Екі жақ медиативті келісім құруға өз еркімен келіскен жағдайда сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сот төрелігін іске асырады. Сондай-ақ, Қылмыстық



процестік кодекстің 85-бабымен медиатор процессуалды тұлғаның өкілеттігі бекітілді. Алайда, заңда барлығы тайға таңба басқандай жазылып тұрғанымен, халықтың медиацияға қатысты түсінігін бір күнде өзгерту мүмкін емес. Бұл бағытта көп жұмыс істеу керек. Заңның артықшылығын, медиативтік келісімге келу – уақыт, қаржыны үнемдеп, сыйластықты сақтауға себеп

болатынын жұртшылыққа ұғындыру мақсат. Ал насихат кең көлемді, көп аудиторияны қамтуы тиіс. Сонда ғана жаңа бастама жұртшылық арасында қолда табуы мүмкін. Міне, сот тарапынан медиаияның мәнін түсіндіру бойынша жасалған осындай кешенді жұмыстардың нәтижесінде бұрынғы теріс көзқарас бірте-бірте өзгеріп, тараптардың қылмыстық істе де татула-

суға ынта танытып жүргені қуантады.

Медиаияның қылмыстық істерде өз мәнінде қолданылмауының тағы бір себебі – бізде тараптарды татуластыру міндеті жүктелген медиаторлардың азаматтық істерге қатысты пікір білдіріп, сөзіне ұйытуға білімі жеткенімен, қылмыстық іске делдал болып, сауатты пікірімен айналасын ұйытуға қабілеті жете қоймайды. Медиаторлардың белсенді болмауының сыры да осында. Міне, сондықтан, қылмыстық істердегі медиаияның қолданысын кеңейтеміз десек, кәсіби медиаторларды салаға бейімдеп, біліктілігін көтеруге, сауагын арттыруға тырысуымыз керек. Ал білікті маманның өз мақсатына жетуіне ештеңе кедергі бола алмайды.

Медиаияны толық қолдану сот қызметінің жұмысын оңтайландырып, жүктемені азайтуға мүмкіндік туғызады. Медиаия рәсімін енгізу мен қолдану сайып келгенде қоғамдық қарым-қатынастың мәдениетін арттырады.

Қайрат ИМАНҚҰЛОВ,
Алматы аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



СОТТА ТАТУЛАСУДЫҢ ӨЗ ТӘРТІБІ БАР

Медиаия институтын дамытуда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты тың бастамаларды қолға алып, «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасын енгізді. Бұл жоба бүгінде оң нәтижесін көрсетуде. Сондай-ақ, Бас судьяның бастамасымен татуласу орталықтары құрылып, соттарда судья-медиаторлар бекітілді.

Соттарда татуласу шаралары Азаматтық процестік кодекстің 17-тарауында көзделген қағидалар, нақты айтқанда – татуласу келісімі, медиаия тәртібі, партисипативтік рәсім бойынша жүзеге асырылады. Азаматтар ортақ мәмілеге келуде осы қағидалардың өздеріне тиімдісін тандауға құқылы. Әрі аталған рәсімдердің өз тәртібі бар. Сондықтан, 174-бап тараптардың татуласу келісіміне кеңірек тоқталғмыз келіп отыр.

Осы тұста айта кетерлігі, Азаматтық процестік кодекспен аталған институттың қолданыс аясы одан әрі кеңейтіліп, судьяға татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатты процесс барысында қарау мүмкіндігі берілді.

Судья алдымен АПК 150-бабының талабына сай, талап қою арызды келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Яғни, дауларды шешу, оны болдырмау мақсатында сотқа жүгінушілерге татуласудың артықшылықтарын жан-жақты түсіндіреді. Тараптарды татуластыру үшін дауды процестің барлық сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Татуласу келісімін бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот шешім шығаруға кетпей тұрып және сот актісінің орындалуы кезінде жасауға болады. Ол үшін тараптар өзара дауды судья немесе медиатордың жәрдемдесуімен реттеу туралы өтінішхатты мәлімдеулері керек.

Татуласу келісімі жазбаша нысанда жасалады. Оған тараптар немесе өкілдері қол қояды. Ескерерлігі, өкіл сенімхатта татуласу келісімін жасауға өкілеттігі болса ғана қол қою құқығына ие. Олай болмаған жағдайда олқылық түзетілуі керек. Сондай-ақ, келісімде шарттардың орындау мерзімі мен тәртібі көрсетілуі міндет. Татуласу келісімін кейінге қалдыру шартын жасауға заңмен тыйым салынған. Дегенмен, онда мерзімдері көрсетіле отырып, жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру, ұзарту, талап ету құқығын басқаға беру, борышты толық немесе ішінара кешіру не мойындау, сот шығыстарын бөлу, келісімді мәжбүрлеп орындау

туралы және заңға қайшы келмейтін өзге де шарттар қамтылуы мүмкін. Татуласу келісімі оны жасасқандар санынан бір дана артық жасалып, іс материалына тіркеледі.

Судьяның татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатты сот отырысында қарау мүмкіндігі 177-баппен бекітілген. Тараптар сот отырысына келмей немесе өтінішхатты өздерінің қатысуынсыз қарау туралы арыз бермей қалған жағдайда татуласу келісімі қаралмайды. Судья татуласу келісімін жасаудың құқықтық салдарын тараптарға оны бекітпей тұрып түсіндіреді. Екі жақ толықтай қолдаса татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарым шығарылады.

Татуласу келісімі заңға қайшы келіп, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса бекітілмейді. Бұл жөнінде ұйғарым шығарылып, сот отырысының хаттамасына енгізіледі және ол шағым жасауға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымда, прокурордың өтінішхатында көрсетілуі мүмкін. Сот ұйғарымында татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, оның шарттары мен орындау мерзімдері, сот шығындарын бөлу, мемлекеттік бажды қайтару қамтылады.

Сот актісін орындау сатысында жасалған татуласу келісімі сот актісі орындалатын аумақтағы бірінші сатыдағы немесе оны қабылдаған соттың бекітуіне ұсынылады. Сотпен бекітілген ұйғарымға апелляциялық сатыға жеке шағым беру, прокурордың өтінішхат келтіру мүмкіндігі заңмен қарастырылған. Татуласу келісімін жасасқандар оны осы келісімде көзделген тәртіппен уақытында ерікті түрде орындауға міндетті. Ерікті түрде орындалмаса онда бір тараптың өтінішхаты бойынша сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Дау-жанжалдың ушықпай тараптардың өзара келісімімен бітуі жекелеген адамдар үшін ғана емес, жалпы мемлекет үшін пайдалы. Сондықтан, медиаияны әлемдегі бәсекеге қабілетті, озық елдер қатарына қосылуға бағытталған маңызды қадам ретінде бағалауға болады. Татуластыру шаралары қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуда таптырмас тәсіл бола алады.

Дүние-Зада КЕНШИМОВА,
Ақтау қалалық №2 сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТЕН КҮТЕРІМІЗ КӨП

Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында жария-құқықтық дауларда билік пен қарапайым азаматтар тең болмайтынын, сондықтан, бұл олқылықты заңдық тұрғыда реттеу керектігін тапсырған болатын. Соған орай әзірленіп, қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін беріп қана қойған жоқ, әкімшілік әділет институтының жаңа қарқында жұмыс жасауына да жол ашты. Азаматтардың құқықтарын неғұрлым тиімді қорғау мақсатында республикада жаңа әкімшілік соттар жұмысын бастады. Халыққа жаңа заңның нормаларын ұдайы түсіндіру, өз кезегінде құқықтық сауаттың артуына ықпал етеді.

Кодекске зер салсақ, 87-бап оңайлатылған әкімшілік рәсімдерге арналған. Оңайлатылған әкімшілік рәсімдерге хабарламалар мен ұсыныстар, үн қосулар және сұрау салулар жатады. Яғни, осы аталғандар оңайлатылған тәртіпте қаралады және бұларды мемлекеттік, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалар, олардың лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Ұсыныс, үн қосу, хабарлама, сұрау салу нормаларына заңдық тұрғыда түсінік берер болсақ, аты айтып тұрғандай әкімшілік рәсімге қатысушының ел заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ, мемлекеттік органдар жұмысын жетілдіру, қоғамдық қатынастарды дамыту, басқа да қызмет салаларын жақсарту жөнін-

дегі ұсынымдары – ұсыныс ретінде қабылданады. Әкімшілік рәсімге қатысушының мемлекет жүргізіп отырған саясатқа, қоғамдық сипаттағы оқиғалар мен құбылыстарға өз көзқарасын білдіруі үн қосу болса, заң талаптарының бұзылғаны, мемлекеттік, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалар және олардың лауазымды адамдары жұмысындағы кемшіліктер жайлы хабардар етілсе онда ол – хабарлама болады. Сұрау салу – әкімшілік рәсімге қатысушының жеке немесе қоғамдық сипаттағы қызығушылық туғызатын мәселелер бойынша ақпарат беру туралы өтініші.

ӨРПК-нің 88-бабында оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату заңдылықтары қарастырылған. Мысалы, қайталама хабарламаларда, ұсыныстарда, үн қосуларда, сұрау салуларда жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар келтірілмеген, сондай-ақ, арыз иесіне белгіленген тәртіппен жауап берілген, арыз иесінің электрондық қолтанбасы, пошталық мекенжайы, т.б. нақты мәліметтер болмаған, мәселенің мәні түсінікті баыналмаған жағдайларда оңайлатылған әкімшілік рәсім тоқтатылады. Мұндай шешімді хабарламаны, ұсынысты, үн қосуды, сұрау салуды қарайтын орган басшысы немесе оның орынбасары қабылдайды. Оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімге осы кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

89-бап талабына сай, әкімшілік істі оңайлатылған әкімшілік рәсімде қара-

удың нәтижелері бойынша хабардың, ұсыныстың және үн қосудың, сұрау салудың мәні бойынша ақпарат беру, назарға алу, әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімдердің бірі шығарылады. Оңайлатылған әкімшілік рәсімдердің қай түрі болмасын, оларға берілетін жауаптарда заңдардың сілтемесі, сондай-ақ, мемлекеттік немесе өтініш жазылған тілде мазмұны бойынша уәждеу, қабылданған шешімге шағым беру құқықтарын түсіндіру, бұған қоса арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілер қамтылуы тиіс. Хабарды, ұсынысты, үн қосуды, сұрау салуды қарайтын субъектілер мен лауазымды адамдар арыз иесін әкімшілік істі қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабардар етуге міндетті.

Әкімшілік әділет салтанат құрған елдерде азаматтар мемлекеттік органдармен соттасуға, кемшілігін көрсетуге қорықпайды. Өйткені, заң мұндай дауларда қарапайым азаматтардың мүддесін жоғары қояды. Кодексте азаматтардың сотқа жүгіну мүмкіндіктерін жеңілдетуге, құқықтық тұрғыдан қорғану тетіктерін кеңейтуге, қарапайым халықтың мемлекеттік органдар алдындағы әлеуетін көтеруге барынша жағдай жасалған. Бұл нормалар жұртшылықтың өздеріне және сотқа деген сенімдерін нығайтуға айрықша әсер етуде.

С.ҚОЙТЕКЕЕВА,
Алматы қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы

ТӨРЕЛІК ЕТЕР ТӨРДІ СЫЙЛА!

Пандемияның ауыртпалығы ешкімге де оңай тимеді. Төтенше жағдай, ең алдымен, азаматтардың денсаулығы мен өміріне сақ қарауды міндеттеді. Осыған байланысты сот отырыстары толығымен онлайн форматқа көшірілді.

Сот төрелігі – айрықша функцияға ие құрылым. Мұнда дауға төрелік айтылады, ақ пен қараның ара-жігі ажыратылады. Сондықтан әрбір сот процесіне қатысушылар белгілі бір арнайы тәртіп ережелерін қатаң сақтауы қажет. Дәлірек айтқанда, сот процесіне себепсіз қатысудан бас тарту, жалтару, сот процесіне қатысушы тарап немесе тұлға судьяның яғни, төрағалық етушінің заңды өкіміне бағынбай, белгіленген талаптарын бұзса, судьяның жеке қаулысымен, сот приставының хаттамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Сот жүйесі және судья-

ларының мәртебесі» туралы заңының 1-бабы 3-тармағына сәйкес, соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сонымен қатар, сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғатындығы атап көрсетілген.

Яғни, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 653-бабына сәйкес, процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру

бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Шалқар аудандық сотында ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 653-бабы, 1-бөлігі бойынша сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісі бойынша 1 іс қаралды.

А.СӘРСЕНБАЙ,
Шалқар аудандық сотының жетекші маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– ХҚО-ның қабылдау тәртібін айтар болсақ, азаматтар оған келмес бұрын кезекті онлайн тәртібінде брондайды. Кезекке тапсырыс берудің 4 әдісі бар. Біріншісі – egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы «ХҚКО-ға кезекті онлайн брондау» бөлімінде жеке деректерді толтырып, ХҚКО-ның мекенжайы мен қызметті таңдап, келу күні мен уақытын көрсету қажет. Болмаса 1414 байланыс орталығы операторының көмегін пайдалануға болады. Жүгінген кезде дауыстық мәзірден «кезекті брондауды» таңдап, оператор арқылы брондау қажет.

Брондаудың тағы екі әдісі ұялы телефонда қолжетімді. Бұл Telegram мессенджеріндегі eGovKzBot2.0 боты мен egov mobile қосымшасы. Ол үшін қосымшаны жүктеп, авторланып және «ХҚКО-ға кезекті онлайн брондау» бөлімінде жеке деректерді толтырып, ХҚКО-ны, қызметті, баратын күні мен уақытын таңдау қажет. Осылайша, ХҚКО-ға келу уақытын алдын ала белгілеп, тапсырыс уақытынан 5-10 минут бұрын келу керек.

ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес, Алматы ХҚО-лары клиенттерді Ashuq сервисі арқылы қабылдауға көшкен. Бұл заманауи сервис негізінде ХҚКО-лар клиенттерді көбірек қабылдап қана қоймай, сонымен қатар қызметкерлер мен келушілердің аман-саулығын қамтамасыз ете алады. Егер азаматтардың смартфонда Ashuq қосымшасы болмаса, олар таяуда ғана Ashuq функционалы енгізілген eGov mobile, Kaspi.kz және Halyk Homebank қосымшаларын пайдалана алады. Тіпті, аталған қосымшалар болмаған жағдайда, азаматтардың мәртебесін кіреберістері ХҚО қызметкері анықтап бере алады. ХҚКО-лар Ashuq жобасына қатыса бастағалы қызмет алушылар арасында үй карантинін бұзған 84 келуші анықталды. Оның ішінде 57 адамда «қызыл» түсті мәртебе (коронавируспен ауыратындар), 17 адамда «сары» түсті (науқаспен жақын байланыста болғандар) мәртебе болған.

– **Азаматтарға арналған үкіметтің «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде де бірқатар жаңашылдықтарды енгізіп жатқанын хабардармыз.**

– Электрондық қызмет көрсету бойынша фронт-кенселердің қызметі «Электрондық кезек» жұмыстарынан басталады. Бұл жұмыстың мақсаты – көрсетілетін қызмет түрлерінің сапа деңгейін көтеру. Ол бойынша орталық қызметкерінің қызметін бағалау ережелері анықталады. Мысалы, қызметкер азаматтармен диалог жүргізу кезінде сабырсыздық, дөрекілік танытып немесе қызмет көрсету уақытын стандартқа сәйкес пайдаланбау, қызмет көрсету аяқталған соң белгілі бағалау жүйесін басу арқылы базалық бағалау жүргізеді.

Ал жалпы, мемлекеттік қызметтерге келсек, «Электронды үкімет» порталындағы халық арасында үлкен сұранысқа ие қызмет түрлері, соның ішінде көптеген анықтама автоматтандырылды. Мұнымен қоса әлеуметтік маңыздағы қызмет түрлері де жетілдіріліп келеді. Бұл үдеріс әлі де жалғасуда. Азаматтар өз үйінен шықпай-ақ интернет желісі арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаны, бір реттік СМС хабарламаны пайдалана отырып, электрондық қызмет түрлерін осы аталған порталдан ала алады. Егер интернет желісі болмаған жағдайда ЭЦҚ-сы бар өтініш беруші ХҚКО-ға келіп, өз бетінше қызмет алу секторында электрондық қызмет түрлерімен бірге – салықтар, өсімпұлдар, жол жүру ережесін бұзғаны үшін айыппұл төлеу және т.б. қызметтерді кассаларға кезекке тұрмай-ақ пайдалануға болады. Қазіргі таңда мемлекеттік корпорацияның әрбір фронт-кенсесі өзіне-өзі қызмет көрсету «Connection



Ермек БЕКЖҮНИСОВ, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласындағы филиалының директоры:

ЗАМАН АҒЫМЫНАН ҚАЛМАУ МАҢЫЗДЫ

Point» секторымен жабдықталған, ол жерде «электрондық үкімет» порталы және басқа да мемлекеттік ресурстарға шығу мүмкіндігімен қамтамасыз етілген жұмыс орындары ұйымдастырылған. Онда азаматтардың өз бетінше ЭЦҚ алуға өтінім беріп, сондай-ақ электрондық қызмет пен сервистер алуға мүмкіндігі бар. 2021 жылдың 7 айында Алматы қаласы ХҚКО-ларынан – 300 241 адам ЭЦҚ жаздырып алған. Жыл сайын мемлекеттік корпорация халықтың үлкен легін қабылдай отырып, 38 млн-нан астам мемлекеттік қызмет көрсетеді. Осы жылдың 7 айында Алматы қаласы филиалы 1,5 миллионға жуық қызмет көрсетті. Мұнан басқа, ХҚКО-да egov.kz, elicense.kz және басқа порталдарда өз бетінше мемлекеттік қызметтерді алу мен жұмыс істеу дағдыларын үйренгісі келетіндерді оқытуға арналған сыныптар бар.

– **«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында іске қосылған сервис-тердің бірі – мемлекеттік қызметтерді проактивті тәсілмен ұсыну. Бұл туралы да айта кетсеңіз?**

– Мұны өркениеттің басты белгілерінің бірі десек те болады. Проактивті формат қағидаты бойынша азамат қызмет алуға жүгінбейді, мұнда мемлекет телефон арқылы мемлекеттік қызметті алуды өзі ұсынады.

Проактивті форматтағы алғашқы жоба – бала тууға байланысты мемлекеттік қызметтерді проактивті тәсілмен ұсыну қызметі болды. Бұл жобаға сәйкес жаңа босанған әйелдер телефон арқылы сәбиін тіркетіп, туу туралы куәлік жасатып, балабақшаға кезекке қойып, тіпті тиесілі жәрдемақыларды рәсімдей алады. Яғни, балалық болған ата-анаға туу туралы куәлік алу үшін баланың аты-жөнін, жәрдемақылар тағайындау үшін шот нөмірін және балабақшаға кезекке қою үшін мекенжайын көрсету ұсынысымен автоматты түрде SMS-хабарлама келеді. Нәтижесінде, өтініш беруші ХҚО-ға дайын құжаттарды алып кету үшін ғана барады немесе үйге жеткізу қызметіне тапсырыс бере алады. Алдағы уақытта тағы да өмірлік жағдайлар бойынша бірқатар

мемлекеттік қызметтерді проактивті форматқа көшіру көзделген.

– **Композиттік қызмет ше?**

– Бұл тұрғындардың мемлекеттік корпорацияның фронт-кенсесіне бармай-ақ бірнеше қызметті бірден алу мүмкіндігі. Біз бұрын «бір терезе» десек, енді «бір өтініш» қағидатына қадам бастық. Бірнеше қызметті бірден алу, яғни, композиттік қызмет түрі азаматтар үшін уақыт үнемдеу жөнінен ғана емес, қаржылық тұрғыдан да тиімді. Мысалы, жер учаскесіне қатысты төрт түрлі қызмет «Мемлекеттік жер қаржысы мен мәліметтерін беру» деген атаумен бір мемлекеттік электрондық қызметке тоғыстырылды. Тағы бір мысал, мүгедектікті белгілеген жағдайда медициналық-әлеуметтік сараптаманың шешімі бірден электрондық үкіметтің порталына қойылады да, осы мәліметке сәйкес, мемлекеттік корпорация жәрдемақыны тағайындап, ал жергілікті атқарушы орган қажетті көмектерді (мүгедектерге арналған арба, тифлоқұрал, т.б.) көрсете береді. Осылайша, қызмет алушы екі органға бармай-ақ, көп құжаттың орнына бірнеше құжатты ғана жинайды.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда азаматтарды мекенжай бойынша онлайн тіркеу бір жүйеге түсті. Бұрынғыдай сағаттап кезек күтудің қажеті жоқ, 10-20 минутта тіркелуге болады. Жылжымайтын мүлік иесі және тіркелетін азамат egov.kz порталында авторизациядан өткеннен кейін, тіркелуші өтініш беріп, меншік иесі өзінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен растауы тиіс. Өтініш берілгеннен кейін деректер шамамен 10 минутта өңделеді. Бұл қызметке ЭЦҚ-сы бар кез келген азамат Қазақстанның барлық аймақтарында қол жеткізе алады.

– **Жақында оператордың жанында отырып-ақ, кассаға бармай, QR-код арқылы базж салығын төлеуге болатын мемлекеттік қызметтер қатары ұлғайды. Тағы қандай қызметтер ала алады?**

– Иә, енді қазақстандықтар смартфондары арқылы елдегі ХҚКО-да кез келген мемлекеттік қызметтің төлемін бірнеше секундтың ішінде жолдай

алады. QR-код арқылы, мысалы, жер учаскесіне актілерді дайындау және беру, жылжымайтын мүлікке құқықтарды, банктік қарызға алу шарты бойынша талаптар құқығын беруді, кондоминиум объектісін, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ жер қатынастары, жылжымайтын және жылжымалы мүліктер саласындағы басқа да мемлекеттік қызметтер үшін төлем жасауға болады. Мемлекеттік қызметтердің ақысын Homebank және Kaspi.kz қосымшасында QR-код арқылы кезексіз, қауіпсіз және тез төлей алады. Азаматтар қандайда бір қызметті алған кезде төлем жасау үшін менеджерден QR құрып беруін өтініп, сосын өзінің смартфонды арқылы бірнеше минуттың ішінде төлей алады. Айта кету керек, әр клиент үшін әрбір қызмет бойынша жеке QR-код жасакталады. Желілік технологиялар бейнеқоңырау арқылы 1414 бірыңғай байланыс орталығына хабарласып, қызметтерді алуға өтінім жасауға мүмкіндік береді. Бұл жоба, әсіресе, пандемияға байланысты карантин жарияланған уақытта көп сұранысқа ие болды.

– **Мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындауға құжаттарды тапсы-**

руды жеңілдету бағытында қандай іс-шаралар жасалып жатыр?

– Соңғы жылдары халықтың мемлекеттік қызметтерді тағайындауға құжаттарды тапсыруын жеңілдету және қолжетімділігін арттыру мақсатында көптеген өзгерістер енгізілді. Көпшілігі қызметтің проактивті және электрондық форматына ауыстырылды. Атап айтар болсақ: мүгедектікті белгілеуге байланысты мемлекеттік қызметтер (Мүгедектігі бойынша БЖТ, еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша әлеуметтік төлем; мүгедек баланың күтімі бойынша жәрдемақы); мемлекеттік жәрдемақы және асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындау; «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, І және ІІ дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау. Жасына байланысты зейнетақы төлеу, базалық зейнетақы төлемі, сондай-ақ, БЖЗҚ төлеу – композиттік қызмет көрсету қағидаты бойынша жүргізіледі, яғни, алушы бір өтінішті бір мезгілде үш төлемге береді.

Қызмет алушыларға қолайлы болу үшін қарастырылған жағдайлардың қатарына осы жылдың 13 мамырынан бастап енгізілген дайын болған құжаттарды үйге жеткізу сервисін қосуға болады. Сервис 144 мемлекеттік қызмет түрін қамтиды. Бұл клиенттеріміздің мемлекеттік қызметтерді алу барысын жеңілдетіп, олардың қаржысы мен уақытын айтарлықтай үнемдейді. Сонымен қатар қазақстандық бизнестің қажеттіліктерін қарастырып, «дербес менеджер» сервисін де іске қостық. Дербес менеджер – бұл клиентке жеке қызмет көрсету, клиенттің міндеттерін шешудің тиімді құралдарын, тиімді және стратегиялық дұрыс жолдарын табу міндеті бар маман. Осы жоба шеңберінде заңды тұлғалар мемлекеттік қызметтерді ХҚКО-ларға бармай-ақ ала алады, дербес менеджер тек түпкілікті нәтиже бере отырып, барлығын өзі

жасайды. Ол үшін мемлекеттік корпорация мен қызмет алушылар арасында бекітілген баға преискуранты бойынша қызмет көрсетуге шарт жасалады. Дербес менеджердің сервисін жеке тұлғалар, ірі бизнес, екінші деңгейлі банктер, құрылыс компаниялары және т. б. өкілдері пайдалана алады. Қызмет нәтижесін қызмет алушы айтқан жерге дейін әкеліп береді. Келісімшартты 1 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге жасасуға болады. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерісін оңтайландыру бағытында – аумақтан тыс қағидатты енгізу көзделді. Осы принциптің арқасында қазақстандықтар баланың туылуына және бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, жүктілік пен босануға, жаңа туған сәбиді асырап алуға байланысты кірістерін жоғалтқан жағдайда әлеуметтік төлемдер алуға өтініш бере алады және бір жасқа толған кезде баланы күтуге байланысты табысы жоғалған жағдайда, тіркеу орнына қарамастан, елдегі кез келген ХҚКО-ға құжат өткізе алады. Жыл соңына қарай басқа да төлемдер бойынша экстерриториалды қағидатты енгізу жоспарланған.

– **Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бағытында алдағы уақытта жасалатын іс-шаралар туралы да айта кетсеңіз?**

– Қызмет көрсету және өтініштер қабылдау бойынша бірыңғай терезе құру, ХҚКО жұмысының сапасын арттыру, желіні басқару, халықты белсенді қызметтермен толыққанды қамту, сыртқы және ішкі кандидаттар қатарынан жаңаша ойлай алатын қызметкерлерді жұмысқа тарту жөніндегі міндеттер жүзеге асырылуда. Тұжырымдаманы іске асыру бойынша жұмыстардың бірі – QR-кодтың көмегімен ХҚКО жұмысының сапасын бағалау жүйесі. Қызмет алушылар қызмет көрсету процесіне, бөлімнің инфрақұрылымына және сервистік мәдениетке қатысты пікір қалдыра алады. 15 бөлімнің әрқайсысында келушілер QR-кодды орнатылған стендтерді таба алады. QR-кодтарды оқитын қосымшаны пайдалана отырып, клиенттер өз смартфондағы сауалнамасы бар бетке лезде өтеді. Азаматтар оператордың жұмысына қанағаттанғанын, оларға қызмет көрсету ыңғайлы болғанын, қажетті ақпарат алғанын және т.б. айта алады. Сонымен қатар, қызмет алушылар өздері барған бөлімнің сурет немесе бейнематериалын тіркей отырып, тілектері мен пікірлерін қалдыра алады. Сауалнамадан мемлекеттік корпорацияның gov4c.kz ресми интернет-ресурсында кері байланыс бөліміне де өз бетінше өтуге болады.

Кері байланыс бізге қызмет алушылардың мемлекеттік корпорация қызметі туралы пікірін білу үшін қажет. Сондай-ақ, сауалнама нәтижелері бөлімдердегі кемшіліктерді анықтап, оларды тез арада жоюға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауға азаматтық қоғамды тарта отырып қабылдау жүргізіледі. Мұндай қабылдаулар ХҚКО жұмысының сапасын арттыруға ықпал етеді.

Президенттік Жастар кадрлық резерві бағыты бойынша, болашақта кәсіпқойлардан құралған мықты команда болу үшін, корпорацияға таланттар пулы құрылған. Қатысуға ниет білдірген әрбір адам өтініш береді. Резерв жұмыс істеп тұрған қызметкерлерден ғана қалыптастырылмады. Жобаға жоғары білімі және кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар да қатысты. Осылайша, сыртқы және ішкі кандидаттар қатарынан жаңа ойлау қабілеті бар қызметкерлер жұмысқа тартылуда.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САПАЛЫ ЖҰМЫС СЕНІМДІ НЫҒАЙТАДЫ

Бүгінде мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлқына айрықша мән беріледі. Мемлекеттік қызметшінің имиджі жоғары кәсібилік пен жеке құзыреттерге, моральдық-адамгершілік қасиеттерге және әдептілік мінез-құлыққа тікелей байланысты. Мемлекет мүддесіне қайшы келетін және азаматтардың құқығына зағал келтіретін іс қимылдарға қарсы тұру, заңмен белгіленген шектеулерді сақтау – мемлекеттік қызметшіге жүктеліп отырған міндет.

Сонымен бірге, сеніп тапсырылған мемлекеттік міншікті, оның ішінде, автокөлік құралдарын тек қызметтік мақсатта орынды және тиімді пайдалану, активтердің түгелдігін қамтамасыз ету және қызметтік міндеттерді атқару үшін материалдық-техникалық

ресурстарды, яғни, мүлік, көлік, жабдықтар, кеңсе заттарын күтіп ұстау да қызметшілер қаперінен шығарылмауы тиіс талаптар. Осы аталмыш дүниелердің қай-қайсысын да жеке мақсатқа пайдалануына үзілді-кесілді тыйым салынған. Өйткені, мемлекет мүлкін жеке басына пайдалану лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіреді.

Жалпы, мемлекеттің беделін мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекетінен, қызметінен бөліп қарауға болмайды. Халықпен қарым-қатынас кезінде мемлекеттік қызметшілер барлық әдеп, қызмет нормаларын ұстануы тиіс. Себебі, қоғам мүшелері алдындағы сөз ғана қателік немесе қызмет көрсетудегі кемшілік азаматтардың тұтас мемлекетке деген күмәнін тудырады. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік қызметші жан-жақты дамыған тұлға болуы, үнемі салауатты өмір салтын ұстануы және отбасы құндылықтарын насихаттауы қажет.

Кез келген жағдайда әдеп қағидаларын сақтау қоғамның

мемлекеттік қызметке деген жоғары сенімінің негізі. Ал, қызметтік қарым-қатынастағы мінез-құлық ұжымда түсінік пен сенім атмосферасын қалыптастырудың төте жолы. Өз кезегінде қолайлы жұмыс атмосферасы мемлекеттік қызметшіге өз әлеуетін толық ашуға, көзқарасын ашық айтуға, біліммен бөлісуге және жалпы міндеттерді орындауға, ұжымды жұмылдыруға жағдай жасауға мүмкіндік туғызады. Мұның бәрі өз кезегінде мемлекеттік қызметшілердің әдебімен байланысты. Ендеше, әдеп нормаларын сақтау халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға ықпал етеді десек, қателеспейміз.

А.ГАЙНЕДЕНОВА,
Казталов аудандық №2 соты кеңсесінің
жетекші маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТА БАСТАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Үндемеген үйдей бәледен құтылады. Менің көзқарасым кімге керек?» деген секілді сан мыңдаған қатып қалған түсінігімен отырады. Және ол көзқарасына өзі ғана емес, өзгелерді де сенуге мәжбүрлейді. Сөзіме мысал айтайын, мәселен, кешегі әлеуметтік жардемақылар мәселесін алайық. Бізде ол проблема әлі де бар. Бірақ дақпыртғы бұрынғыдай емес. Кеше қалай атойлап шығып еді?! Мәселенің сол кезде ашық айтылуынан біршама ілгерілеушіліктер болды. Көпбалалы отбасыларға, жалғызбасты аналарға, үйсіздерге арналған жеңілдетілген бағдарламалар жасалды. Бұндай белсенділік, азаматтық үн біраз отбасылардың көңілдеріне үміт сыйлады, өмірлерін өзгертуге себепші болды. Ал қазір қайда сол үш-төрт жыл бұрынғы белсенділік?! Азаматтық үн азды. Сол көпбалалы ата-аналар тәуелсіз ұйымдар мен отбасы институттарын өздері құрып, соны одан әрі қарай қазір де жалғастыра беру керек еді. Үкіметтің тұрмысы төмен отбасылардың бір-екеуіне үй беруімен мәселе шешіліп кеткен жоқ қой. Одан қиын жағдайдағы отбасылар қатары артпаса, кеміген жоқ. Ендеше, бізде солардың басындағы мәселелерді жүйелі түрде, сауатты түрде билікке жеткізіп отыратын ұйымдар жүйесі істеу керек болатын. Алайда, осы институт ұйымшыл түрде бірлескен формада қалыптаса алмай қалды. Егер олар өздерінің азаматтық үлдерін жүйелі түрде билікке жеткізіп тұрғысы келсе осындай одақ, ұйымдарға бірігу керек еді. Азаматтық институт деген осы. Әлеуметтік проблемалар жекелеген әйелдердің әкімдіктерді басып алуымен шешілмейді. Ол сауатты, құқықтық жолмен шешілуге тиіс. Айта бермейтін мұндай мәселелер көп» дейді әлеуметтанушы.

Азаматтық институттардың жұмысын тек әлеуметтік мәселелер шеңберінде қалдыруға тағы болмайды. Ол саяси мәселелерге, ел өміріндегі елеулі кезеңдерге де қатысты көзқарастарын білдіре беретін тәуелсіз құрылым. Байқап тұрсаңыз, қазір саясатты айтып, қызылкенірдек болып ондағы мәселелерді талқылайтын қарапайым адамдар бар. Олар таксистердің, малшылардың, тіпті қарапайым зейнеткерлердің арасында да көп. Біздің қоғам алайда, олардың пікірін сауатты, сергек ой деп қабылдамайды. «Әй, сол таксист не біледі,



зейнеткерлердің іші пыскан соң айтады да» деп қана қарап үйренген. Алайда, дамыған кез келген демократиялы елді алып қарасаңыз, қоғамды өзгертетін де осындай тәуелсіз еркін ойлы азаматтар. Олардың артықшылығы тек, осындай ой-пікірлерін азаматтық институттардың арқасында жүзеге асырады, олар нақты нәтижеге жұмыс істейді, одан ары қарай да ортасының дамуына үлесін қосады.

Психолог Жанәгул Өмірбекова: *«Қазақстандықтар әлі масылдық психологиядан арылған жоқ» деп есептейді. «Тегін дүниенің заманы өткенін түсінетін уақыт әлдеқашан кетті. Капиталистік дамыған қоғамда тіпті тегін медициналық көмек, тегін оқу, тегін киім тарту деген ұғым болмайды, біз әлі осындай тегін дүниеге ауымызды ашып отырмыз. Коронавирус басталған тұста біз дәрігерлерге, әкімдіктерге «шабуыл» жасадық, ту талақайларын шығардық. Сол кезде менің Бішкектегі құрбым күлді бізге. «Бұл не деген батпан құйрық?» деп. Бізде көшенің де, үй подъездерінің де дезинфекциясын сол үйдің сол маңайдың адамдары өздері жасайды. Сендердікі не масылдық?!» деді. Шынығында, біз осы вирус басталғаннан үкіметке ауымызды ашумен отырмыз. «Маған неге бермейсің, анаған неге көп беріп қойдың? Біздің үйді неге дәрілемейсің? деп. Үкіметке әбден масыл болып алдық. Жастарды да соған тәрбиелеп отырмыз. Өз күніңді өзің көр деп үйден шығарып жіберетін көз әлдеқашан келген. Соған біздің батылымыз жетпейді, қорқамыз. Бұлай отыра берсек, бізде ешқандай*

азаматтық қоғам қалыптаспайды. Жастарды еркіне жібермесек олар да жаңалық жасай алмайды. Тәуелді бугежсек жастан ерлік күтпеніз, өзгеріс тілеменіз» дейді.

Тәжірибелі ұстаз Қанипа Марғұланнның пікірі де психолог ойымен үндес. Ол кісі тек білім жүйесінде жастарды осындай тәуелділіктен арылту керек дейді. «Тегін білім де кей кездері баланы масылдыққа үйретеді. Мемлекеттік гранттар рас, болуы керек, бірақ ол нағыз сол саланы сүйетін, соған бар ынтасымен ұмтылатын балаға ғана берілуі тиіс. Біздегі білім жүйесі баланы қай салада грант көп соған бар деп тәрбиелейді. Ондай жағдайда қандай сапа, мамандыққа деген қандай махабат болады? Бала барлық мәселеде бәсекелесіп үйренгенде ғана нәтижеге қол жеткізеді. Өзінің нағыз еңбегімен жеткенде ғана сол саланы сүйеді, соның қиындығына күйеді, ауырлығына төзеді. Сонда ғана сол салада азаматтық бастама көтеріп, сол саланың белсендісіне, жанашырына айналады» дейді.

Азаматтық қоғам да адамның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін қалыптастыру мектебі. Ал мемлекет мұндай қалыптасу мектептерінің қолдаушысы, тіреуі болғанда ғана халықпен, азаматтық ортамен үйлесімде жұмыс атқарады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Еститін Үкімет», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» идеясын көпшілік осы тұрғыдан жылы қабылдады. Басқарушы билік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар бұған дейін ескерусіз, елеусіз қалып келсе, енді ол жұмыстар ортақ идеялардың жүзеге асуына мүмкіндік беріп отыр. Бұған дейін мемлекеттік қызмет есігі

қарапайым азаматтар үшін алынбайтын қамалдай көрінсе, енді мемлекеттік қызметке қарапайым азаматтардың ұмтылуына жол ашылды.

Бұған дейін халық құзырлы органдардың есігінен сығалай алмаса, ендігі жерде олар оффлайн және онлайн форматта төрағалардың өздерімен кездесе алатын болды. «Еститін Үкімет» идеясы халыққа бет бұрды. Бұған дейін әкімдіктер, әкімдер, сот төрағалары мен өзге де күштік құрылымдар елге қолжетімсіз, жабық мекеме есебінде қабылданатын. Бірақ бұл салаларда да соңғы кездері онды өзгерістер орын алып, сең қозғалды. Құзырлы мекемелер қарапайым көпшілік үшін ашық есік күндерін өткізіп, түсіндіру, құқықтық сауат сағаттарын ұйымдастыруда.

«Еститін Үкімет» аясында жүзеге асып жатқан сандық форматтар да қарапайым тұрғындар үшін оңтайландырылды. Қазір кез келген азамат арыз шағымын онлайн нұсқада жолдап, цифрлы технологиялардың көмегіне сүйене отырып, қажет ақпаратын сұратып ала алатын әлеуетке қол жеткізді. Бұның бәрі азаматтық қоғамды армандаған халықтың жүзеге асып жатқан санаулы игіліктерінің бірі.

Кейбір мамандар азаматтық институттардың шифрлы көрсеткіш, есептік нұсқада дамып, не шын мәнінде мүлдем дамымай отырғанын да тілге тиек етеді. Азаматтық қоғам елдің рухани, саяси, экономикалық, әлеуметтік мәдениетінің көрінісі. Бұл тұрғыда рухани кемелденген адам «мен мемлекет үшін не істедім? Қоғам дамуына қалай үлес қосамын?» деген сауалдарды қояды. Осындай идея төңірегіне бірлесе алған адамдар тобы ғана мемлекеттің дамуына үлес қосады. Азаматтық институт, еркін ой алаңын қалыптастырады. Азаматтық қоғам институты, үкіметтік емес ұйымдар тәуелсіздіктің кейінгі жылдары осы мақсат төңірегінде азды-көпті жұмыстар атқара бастады. Азаматтық қоғам үкіметке қарсы шығу, оның бүкіл іс әрекетін жөкқа шығару емес, азаматтық қоғам – үкіметтің ел игілігі үшін атқарып жатқан істерін күгілгі отырып, өз тарапынан халықтық идеяларға қатысты игілікті жұмыстар атқару. Кез келген қоғам секілді бұл институт та бәсекелесе жүріп дамып, кемелденеді. Бұдан бірнеше жыл бұрын үкімет бір жылды арнайы еріктілер жылы деп айдарлап, оның барлық салада табысты, өнімді жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Волонтерлар экологиялық мәселелердің реттелуіне, елдегі табиғатты жақсартуға, әлеуметтік көмектер көрсету, қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру, ауаны ластамау, улы газдардан құтылу секілді мемлекет үшін өте маңызды деген салаларда өз белсен-

діліктерін көрсетті. Саяси сахнада да түрлі бастамаларға мұрындық болды. Пандемия басталған тұста әлеуметтік көмек бастамаларында, науқастарға жәрдемдесу, дәрі жеткізу істерінде өлшеусіз еңбек сіңірді. Осылайша, азаматтық институттың жеке дара ғана дамымайтынын дәлелдеді. Азаматтық қоғам демократия кепілі. Басқарушы билік осындай институттарға өзінің диалогтық есігін ашып, ұтымды идеяларын қолдағанда ғана мемлекет дамиды. Шын мәніндегі дамыған, өркениетті қоғамға айналады.

Президенттің «Еститін Үкімет» бағдарламасының көп игілігі осындай азаматтық секторға көңіл бөлуінен көрінеді. Қазір екі тараптың бірлесе жұмыс істеуінен біраз әлеуметтік мәселелер шешімін тапты. Көпбалалы отбасылардың жағдайлары, экологиялық проблемалар, аула клубтары идеялары, спорт қалашықтары, адам капиталын дамыту институттары секілді тың бастамалар өмірге келді.

Билікте, құзырлы орындарда ел игілігі үшін қызмет ететін адамдар жоқ деген пікір азаматтық қоғам мүшелеріне тән көзқарас емес. Егер жеке басының қамын ойлап, қызмет бабын жеке басының қызығушылықтары үшін пайдаланатындар болса, оларды заңдық тетіктермен реттейтін механизмдер біздің елде жақсы жолға қойылған. Өркениетті елдердегідей біздегі атқарушы билік те азаматтық қоғамның дамуына мүдделі. Оған бүгінгі мемлекеттік бағдарламалар дәлел. Азаматтық қоғам керісінше, биліктің нәтижелі еңбек етуіне жетекші. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын Президент ел назарына ұсынғанда көпшілік мұны жай ғана есептік, нәтижесіз көп бағдарламалардың бірі ретінде қабылдаған. Алайда, бірнеше жылды артқа тастағанда Президент ұстанған бағыттың дұрыстығын, ел игілігіне бағытталғанын, бағдарламалардың тиімділігін уақыт дәлелдеді. Азаматтық қоғам мен атқарушы билік бір-біріне бәсекелес немесе оппозиция емес. Екі құрылым да дамыған, зайырлы мемлекетті нығайтушы тетіктер. Қоғамдық сана, ой пікір әртүрлі болуы мүмкін, бірақ азаматтық ұстаным азаматтарда ұқсас. Себебі, азаматтық қоғамды дамытпай, мемлекетті гүлдендіру мүмкін емес. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен екі формация арасындағы диалог алдағы уақытта да талай саликалы істердің ұйытқысы болады. Азаматтық қоғамның алғышарттарына ғана иек артып отыра бермей, одан әрі қарай бұл институтты дамыту кез келген азаматтың адами парызы. Өзі өмір сүріп отырған қоғамын гүлдендіру ортақ іс. Ендеше, осындай сауатты да сауатты істе үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігінің артқаны қажет.

Жадыра ҚҰДАЙБЕРГЕН

КЕМЕЛ ЕЛДІҢ КЕМЕҢГЕР ҚҰЖАТЫ

Тарих тағдырын біріктірген Қазақстан халқы талай ғасырларды артқа тастай жүріп, өздерінің ортақ отанында татулық пен бірлікте өмір сүріп жатыр. Басқа мемлекет, дамыған демократиялық елдер секілді бұндағы кез келген азамат теңдік, еркіндік құқығын сезінеді. Себебі, ел азаматтарының қай қайсысының болсын тәуелсіз, теңқұқылы өмір сүруіне мүмкіндік тудырып, олардың қарым-қатынас, өмір сүру ержелерін белгілеген Ата Заңы – Конституциясы бар. Барлық заңдардың бастауы болған бұл құжат осы мемлекетті мекендейтін кез келген азаматтың өмірі мен бостандықтарына, құқықтары мен елдің саяси тұрақтылығына кепіл.

Қоғамдық татулық деген не? Ең әуелгі мәселе – бір үйдей болған ортақ мемлекеттегі тұрақтылық пен береке-бірлікте. Қоғамдық татулық осы елде өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың үйлесімде, өзара түсіністікте өмір сүруіне негізделеді. Ата Заң осы міндет пен мақсатты тоғыстырып, елдегі саяси тұрақтылықты қалыптастырып, азаматтардың басқалар алдындағы жауапкершілігін сезіндіре алды. Мемлекеттегі мұндай үйлесім мен бейбіт өмір елдегі экономикалық процестердің дамуына, білім-ғылым, медицина, спорт, руханият салаларының алға ілгерілеуіне түрткі болды. Заңы орнықты, азаматтарының құқығы қорғалған елде әлеуметтік саланың да кемелденіп, қазақстандық патриотизмнің орнығатыны белгілі.

Тәуелсіздік жылдарында республиканың тұтастығы бекіп, мемлекеттің әртүрлі саладағы ұстанымы нығайды, позициясы айқындалды. «Мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы – халық». Ата Заң қазақ халқының орнын әубастан осылай заңдық қалыпқа салып, айқындап берді. Ендеше, халықтың билікті референдум және ер-

кін сайлау арқылы анықтауы да зайырлы қоғам көрінісі. Жақында өткен әкімдер сайлауы да осы игіліктің жетілдірілген заманауи түрі. Республика көлемінде өткен әкімдер сайлауы жаңа бастамаларға ұйытқы болды, ел енді ертеңгі болашағына сенеді. Халық үшін қам жеп, елі мен жерінің гүлденуі үшін еңбек ететін лайықты азаматты тап басып, таңдау қай кезде де оңай болған жоқ. Бұл сайлау халықтық таңдаудағы жаңа талап критерийлеріне үлкен мақсаттар қосты. Елдегі осындай еселенген игілікті істердің барлық бастауы Конституциядан негіз алып отыр.

Азаматтардың барлық құқықтарына, еркіндіктері мен бостандықтарына қорған болатын заң қашан да, қай кезде де қуатты. Қазақстандықтардың бұл мәселедегі болашағы айқыны, жолы сара. Себебі, барлық азаматтың теңқұқылы санап, олардың жоғын түгендейтін пәрменді Ата Заңы бар. Бұл жолдағы аға буынның алдындағы жалғыз міндет осы Конституцияның мән-мазмұнын жастарға ұғындыру. Жас ұрпаққа бүгінгі бейбітшілік пен саяси тұрақтылықтың мәнін ұғындыру да осы



М.БЫРСЫМБЕТОВ,
Мактаарал аудандық сотының судьясы

Конституцияға деген құрметті қалыптастырудан басталады. Ол үшін біздің кез келгеніміз мемлекеттің қорғаны Ата Заңның салмағын оларға сезіндіруге, түсіндіруге тиіспіз. Шын мәніндегі азат, еркін ойлы азамат әділетсіздікке тап болған сәтте, заңсыздықпен бетпе-бет келген сәтте осы Конституциядан сүйеніш табатынына, әділет іздей алатынына және ол ақиқатын айтатынына сенімді болуға тиіс.

Бүгінгі білім бастауы да осы Ата Заң әліппесін оқытудан басталуы қажет. Жас ұрпақ тек қана Конституцияның өмірге келген күнін, неше тарау, неше баптан тұратынын ғана білмеуге тиіс. Бүгінгі құқықтық Қазақстандағы әрбір азамат Конституцияда кепілдік берілген құқықтар мен

мүмкіндіктерді, әділетті таразы мен салмақты сараптауларды тап басып тани алуға міндетті. Сонда ғана құқықтық сауат жоғарылайды. Әділет іздеген азамат өзін қорғайтын Конституция бар екенін түсінеді. Өзіне ол заңда тегін білім алуға, тегін медициналық қызмет алуға, тегін заңдық көмек алуға мүмкіндік берілгенін, одан өзге де игіліктер осы заң аясында тұнып тұрғанын көре білуге тиіс.

ҚР Конституциясы барлық заң алдында азаматтардың теңқұқылы екендігін айтады. «Әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар» деп көрсетеді Ата Заң. Ендеше, қылмыс жасады деп күдікке ілінген, тіпті қылмыс жасаған қылмыскердің өзіне де біздің Ата Заң азаматтық құқықтар қарастырған. Ол бойынша «заңда көзделген реттерде ғана және тек соттың санкциясымен тұтқындауға, қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болмайды. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы». Мұндай заңдылық реттің бәрі Конституцияда жазылған. Ата Заңның салмағын саралаған тұста, біз әрқашан ол заңның қайталанбайтын бірегей екенін, оның заңдық күші бойынша, қандай жағдайдағы адам болса да азаматтық құқыққа ие екендігін көреміз. Және игілігі көп Конституция негіздері бойынша ешқашан Қазақстан территориясында «адамның қадір-қасиетіне қолсұғылмайтын» сезініп өмір сүрудің өзі көңілге қуат. Адамның өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастырып, оның салауатты да бейбіт өмірін заңдық ережелермен бекіту зайырлы, құқықтық Қазақстанның қолынан келді. Қазақстан Конституциясы құқықтық мемлекеттің бет-бейнесі, демократия айнасы. Осы тұрғыда Конституциясы кемел ел бақытты.

ЖАЗА



БАЛЫҚ АУЛАҒАНДАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАДЫ

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Күршім аудандық №2 пробация қызметі Қызыл кітапқа енген «Ленок» балығын аулағаны және заңсыз тасымалдағаны үшін бас бостандығынан шектелген азаматтарды есепке қойды. Олардың екеуі ҚР Қылмыстық кодекстің 335-бабы 3-бөлігі 2,4,6-тармақтарымен 1 жылға бас бостандығынан шектеу жазасына сотталып, екі жылға балық аулау құқығынан айырылған. Үшіншісі Қызыл кітаптағы тағы бір балық түрі «Тайменьді» заңсыз тасымалдағаны үшін ҚР ҚК-нің 339-бабы бойынша кінәлі деп танылып, 1 жыл 6 ай бас бостандығынан шектелген әйел адам.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД Күршім аудандық №2 ПҚ-нің аға инспекторы, әділет аға лейтенанты Бейбіт Құмарбековтің айтуынша, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімінде жазылған мәліметтер бойынша олар «Марқаөл мемлекеттік табиғи қоры» РММ-нің «Глухово» кентінде 200-ден астам балық аулап, одан 27 литрге жуық уылдырық жинаған.

– Қазіргі уақытта есепте тұрған сотталғандармен профилактикалық жұмыс жүргізілуде және болашақта олар

Күршім аудандық №2 пробация қызметінің бақылауында болады. Егер де есепте тұрған кезінде құқықбұзушылық жасаған жағдайда бас бостандығын шектеу түріндегі жазасы – бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылуы мүмкін. Оларға бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу ережелері түсіндірілді, – дейді Күршім аудандық №2 пробация қызметінің инспекторы Аяулым Нұрпейісова.

21-27 шілде аралығында Шығыс Қазақстан облысы бойынша «Шартты түрде» атты жедел-профилактикалық іс-шара өткізілді. Соған байланысты Күршім аудандық №2 пробация қызметі есепте тұрған 13 сотталғанды тұрғылықты мекенжайлары бойынша полиция бөлімінің учаскелік инспекторларымен бірлесіп тексеретін болады. Жедел профилактикалық іс-шара барысында пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандар мекенжайы бойынша тексеріліп, қылмыстың алдын алу, болдырмау мақсатында түсіндіру жұмыстары және АМБ базасымен салыстыра тексеру жұмыстары жүргізіледі.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ШАРА

КОЛОНИЯДАҒЫ «АБАЙ КҮНІ»

2020 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 10 тамыз Абай күні болып белгіленді. Бұл қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың мұрасын еліміз бойынша кеңінен насихаттауға таптырмас мүмкіндік.

Биыл қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай Құнанбаевтың туғанына 176 жыл толды. Еліміз бойынша екінші жыл қатарынан атап өтілген мереке күні Алматы қаласы бойынша ҚАЖД ЛА-155/6 түзеу мекемесінде де ақын Абайға арналған онлайн іс-шара өткізілді.

Алматы қалалық «Жас Отан» жастар қанатының үйлестірушілері жазалы балалар арасында ZOOM жүйесі арқылы «Бес нәрсеге асық бол» атты конференция ұйымдастырды. Онлайн басқосу кезінде үйлестіруші Бейбарыс Зарипов балалар колониясындағы жасөспірімдерді Абайдың өмірбаянымен таныстырып, оның ғибратты сөздерінің мән-мағынасын ашатын деректерден хабардар етті. Сондай-ақ, ол жазалы балаларды Абай өмірінен түрлі қызықты мәліметтерге



қанықтырып, сұрақ-жауап тәсілімен балалардың Абай туралы дүниетанымдарын арттырды.

Шара кезінде жасөспірімдер Абайдың өлеңдерін жатқа оқып, өз өнерлерін ортаға салды. «Абай күні» ме-

рекелік шарасында жас әнші Тұрар Дүйсекеш Абай Құнанбаевтың сөзіне жазылған әндерді орындап, кешке қатысушылардың көңілінен шықты.

Гүлнәр МАҒЗҰМОВА
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

СОТ ІС ҚАРАДЫ

МАС ЖҮРГІЗУШІ ОРТАҒА ҚАУІПТІ

Ақмола облысының Қорғалжын аудандық сотында заң бұзушылыққа жол берген көлік жүргізушіге қатысты әкімшілік іс қаралды.

Сотта анықтағандай, азамат М. Қазақстан Республикасының жол жүрісі қағидасының 2-бөлімі 4-тармағы 2-тармақшасының талаптарын бұзып ВАЗ 21070 маркалы автокөлігін алкогольді ішімдік ішкен масаң күйде басқарған. Яғни, ӘҚБтК-нің 608-бабының

1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған.

Сот қаулысымен азамат кінәлі деп танылып, 15 (он бес) тәулікке қамаққа алынды. Сонымен қатар оған жеті жылға көлік құралдарын басқару құқығынан айыру түрінде жаза тағайындалды.

Қорғалжын аудандық соты
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

5. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің Красногор бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қостанай облысы, Красногор ауылы, БСН 010340003165, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 8-үй мекенжайы бойынша қабылданады.

6. Организация «Қостанай облысының әкімдігі білім басқармасының Қостанай облысының әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Тентексай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 021140001037 (110600 Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Тентексай ауылы, Тентексай көшесі, 9-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі 4, пошталық индексі 110600. Тел: 87143921162

7. «Азат -Азамат» Өндірістік кооперативі, БСН 960440001318 (Қызылорда облысы, Жалағаш ауданын Сәрке батыр көшесі № 40) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жалағаш ауданы,Сәрке батыр №40 А. Тел: 87021235277.

8. «Азат өндіріс» Өндірістік кооперативі, БСН 150140003176 (Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Сәрке батыр көшесі № 40) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жалағаш ауданы, Сәрке батыр №40 А. Тел: 87021235277.

9. «МиГ-2016» ЖШС, БСН 130440009985, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Шәкәрім даңғылы, 67а-үй. Тел.: 87222563711, 8775226703.

10. Организация «Қостанай облысының әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Ошағанды бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 021140017975 (110600, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Қызбел а.о., Ошағанды ауылы, Ошағанды көшесі, 1 үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, ғимарат 4, пошталық индексі 110600.Тел: 87143921162.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,е-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі,47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Қаржылық есептіліктің ұлттық стандартына 3 қосымша
Атауы Қызмет түрі Астықты қаттау және сақтау
Жұмыскерлердің орташа жылдық саны
Заңды мекенжайы, Бизнес сәйкестендіру нөмірі, 010000, ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Жеке сәйкестендіру нөмірі Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 11/5 ғим., БСН: 170140030454

**Бухгалтерлік бөліну балансы
2021 жылғы 17 тамыздағы жағдай бойынша**

	Жол коды	Сомасы
Активтер		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	01	
Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары	02	
Басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешек	03	-569 913,00
Қорлар	04	-6 941 383,96
Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары	05	
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	06	
Негізгі құралдар (амортизацияны алып тастағанда)	07	-1 104 933 856,68
Материалдық емес активтер (амортизацияны алып тастағанда)	08	-202 671,43
Басқа да активтер	09	-138 427 383,77
Активтердің жиыны (01 жол+ 09 жол сомасы)	10	-1 251 075 208,84
Міндеттеме мен капитал	-	-
Міндеттеме	-	-
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	11	-
Салықтар бойынша міндеттемелер	12	
Ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелері	13	
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	14	-1 280 453 299,91
Өзге міндеттемелер	15	
Міндеттеме жиыны (11 жол+ 15 жол сомасы)	16	-1 280 453 299,91
Өз капиталы		
Жарғылық капитал	17	-300 000,00
Резервтік капитал	18	
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	19	-(29 678 091,07)
Өзге резервтер	20	
Капитал жиыны	21	29 378 091,07
Капитал және міндеттеме жиыны (16 жол + 21 жол сомасы)	23	-1 251 075 208,84

Басшы Дюсенов Ербол Абылхасович (тегі, аты, әкесінің аты)
Бас бухгалтер Ахмолдина Асель Жанабековна (тегі, аты, әкесінің аты)
М О

МҰРАҒЕРЛІК

12. 03.06.2021 жылғы қайтыс болған Джаманкулов Текесбайдың артынан мұра ашылды.Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Н.Ж. Кайнарбекова келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек селосы, Б. Момышұлы к. №81А, тел. 8 (72-776) 2-40-64.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIOPO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат,ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақтаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

БАЙҚАУҒА!

«Көлденең келген кесапаттан сақта!» деп үлкендер бекер айтпайды-ау. Сол кесапаттың бірі күре жолда. Осы тас жолдарда біреудің әкесі, ағасы, баласы, бауыры, қызы, қарындасы, айналып келгенде әйтеуір бір ет жақындарының тағдырлары әлдебіреулердің жауапсыздығынан талқандалып жатады. Тіпті, ондай ет жақындығы болмаса да, қазактың бір баласы қара жолда қаза болып, бір шаңырақ күн сайын тіпті апта, ай сайын қайғы жұтып, қара жамылып отыр. Әйтеуір қасақана жасамаса да, көліктегі кез келген әрекет қамсыз, ойсыз қаракеттен туады. Жауапкершілігі жоқ, оң мен солын танып үлгермеген жастарға көлік тізгіндету бекер.



КӨЗСІЗ КӨБЕЛЕК

Адам өмірі ойыншық емес. Алдынан күнделікті қаншама іс өтсе де, адам өліміне әкеліп соғатын істерді қарау судья жүрегіне де салмақ. Илияс Жұмабекұлының алдында бүгін тағы сондай бір адам өліміне әкеліп соқтырған ауыр іс жатыр.

– Тағы қайда жүр?
– Білмеймін.
– Әй, доңыз-ай, қан қақсатты-ау, тағы бірдемеге ұрынбаса болды.

Айтып ауыз жинағанша болмады, үйге көрші келіншек кірді. Қасында Еділдің сыныптасы Мағжан бар. Таңғы шайларын ішіп бола берген Талғат пен Асыл кішкене екі қызын өз бөлмелеріне жіберді де, ертелеге жүрген Кәмила мен Мағжанды төрге оздырды. Асыл қалбалақтай жүріп, дасқарқанын қайта жасады.

– Тыныштық па, Кәмила, ертелетіп жүрсің ғой?

– Тыныштық болса жатпаймын ба, таң атпай ел адақтап нем бар?! Кәмила сынық көңілмен құмыққан үнмен сөз бастады.

– Әй, құдай-ай. Қазір ғана әкесі баласын іздеп отыр еді. Бірденеге ұрынбаса нетті!

– Мынау екеуі түнде бәрін бүлдіріп келіп отыр ғой. Таң атпай маған жетіпті; «Мама, Еділ сотталғалы тұр, қазір ақша таппасақ, кетеді бәленбай жылға» – дейді

– Сақтай гөр, Алла!–деген Асыл көзі боталап дастарқан шетіне отыра кетті.

– Әй, не бүлдірдіңдер, оның әке-шешесі қайда, неге сол жаққа бармады-дар?! –деп ем:

– Әке-шешесі ауылға кетіпті, үйінде ешкім жоқ. Мам, дереу алтындарынды өткізіп ақша табайық! Еділ түнде жалға машина алған, сол көлігімен келе жатып бір қымбат лексусты соқты – деді. Есім шығып жүгіріп жүріп бар алтынымды жинап бердім. Үшеуіміз таң атпай түнімен істейтін ломбардқа бардық. 350 000 теңгені ана жігіттердің қолына санап бердік. Енді прокатқа алынған көлікті жасауларың керек. Еділ өзі «әке-шешеме көрінетін бет жоқ» деп қашып кетті. Мен алтындарды өткізіп ақша төлеп болған соң ғана олардың мені алдап тұрғанын біліп, әбден қиналдым. Сендер үйде деген соң осында келдік, міне.

– Әй, құрған-ай, осының-ақ лаңы бітпеді-ау.

– Үй, әкеннің баласы, адал асымды арамдап болды. Мен оған осындай тәрбие беріп пе ем.

– Тәке, енді сабыр ет, не айтсаң да болары болды. Тездетіп ана көлікті жасатасындар ма, қожайынымен келісіп ақшасын бересіндер ме? Бір амалын жасаңдар.

– Балаларың телефонын да өшіріп тастапты. Менің қарызымды алатын уақыты таяғанда өтерсіңдер. Бөтен емессіңдер ғой. Мына жүгермек те соның қасында жүрген соң, мен де күйіп отырмын.

Жүргізу куәлігі жоқ балаға көлік бердіңдер деп жалға беру орталығын қорқытпақ болған Талғаттың әрекетінен түк шықпады. Баласы бұған дейін де жүргізуші куәлігі бар достарының құжатын өткізіп, бұлардан бірнеше мәрте көлік алыпты. Ақыры, айғайласып жүріп, миллионға қарызға батты. Осы оқиғадан соң Талғаттың отбасында тыныштық орнап, бәрі ретіне келгендей көрінген.

Илияс Жұмабекұлы Еділ Көшкіновтың істерін бірнеше мәрте қарап шықты. Бұған дейін де кәмелеттік жасқа толмай тұрып үйінен бірнеше мәрте қашып басқа қалаларға кетіп қалған оқиғалары бар екен. Ата-анасының іздеуге берген өтініштері де осы Қазығұрт аудандық полиция бөліміне тіркеліпті. Тікелей қылмысы болмаса да айналасының берген мінездемесі де жақсы емес. Ойын автоматтарына ақша салып талай күйгені тағы бар. Көзі күлімдеп тұрған сары баланы тәжірибелі судья қылмысқа қимады. «Жастықтың буы кәмелетке толар-толмас шағында мынадай ауыр қылмысты арқалатып отыр. Ата-анасын не деп айыптайсың. Бәрімізде бала бар. Кім баласына барып, қылмыскер бол, адам өлтір!» дейді. Ол алғашқы отырыста-ақ, жер шұқып отырған ата-ананың ахуалын көз қиығымен аңдаған. Алты адамның тағдыры, артындағы жауапкершілік тіпті ауыр. Олардың әрқайсысының артында тұрған жау-теңкөз тағдырлар ше! Жазықтының заң алдындағы жазасын алатыны анық. Кәмелеттік жасқа толар-толмастан жүргізуші куәлігін алып беру де ақымақтық. Мұндай ауыр қасіреттің құныкері кім енді?! Талайлардың басын жұтып үнсіз жатқан қара жол ма, жол шетіндегі жолаушы ма, мына жап-жас бозбала ма?!

Сот орындығында отырған Талғаттың өңі күреңітіп кеткен, Асыл көзімен

Өмірдерек



Бүгінгі шығарма Ильяс Тоғызбаев төрелік еткен іс бойынша жазылды. Тоғызбаев Ильяс Жұмабекұлы, 25.03.1974 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы, Абай ауылында туған. 1995 жылы Талдықорған заң институтын бітірген. ОҚО Сарыағаш ауданы №2 аудандық сотының судьясы, осы соттың төрағасы міндетін атқарған. ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы сот академиясында, ҚР Президентінің мемлекеттік басқару академиясында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді қараудағы біліктілігін арттыру курстарын бітірген. Қазіргі таңда Қазығұрт аудандық сотының төрағасы.

жер шұқиды. Кірерге тесік табылса, жандалбасалаған екеудің кіріп-ақ кеткісі бар.

–Кешірім сұраған жоқ. Мен жоқта үйге бір қап ұн мен күріш, бір қой тастап кетіпті. Адамның құны сол дүниелермен өлшенсе, мен-ақ берейін бұларға соны. Тәрбиесіз, көргенсіз. Сен біреудің жалғызы болсаң, менің күйеуім бала-шағамның, біздің жалғыз тірегіміз болатын. Сендейлерді қалай жер көтереді екен.

Жәбірленуші тараптың өкілі күйеуін жоқтап жылап жіберді. Күйеуін жоқтаған келіншектің зары сүйектен өтеді. Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы арқылы өтетін «Шымкент-Ташкент-Термез» тас жолымен, Қазығұрт ауданы Сарапхана ауылынан өткенде болған жол көлік оқиғасынан қара жамылған отбасы бұл ғана емес. Осы көлік апатынан алты адам мерт болды. Бәрі бірдей өте ауыр дене жарақаттарымен, жабық жұлын омыртқаның сынуы, мидың қысылуы, шайқалуы, жұлынның үзілуі, қаңқаның сынуы, бауырдың жыртылуынан болған өлім секілді аса ауыр анықтамамен көз жұмды.

Сол күні не желік қысқаны белгісіз, Еділ мен Арман екеуі күн ұзаққа көліктен түспеді. Орталыққа барды, киноға кірді. Таныс қыздарды да қидырытып, тау бөктерлей жүйткіп қайтты. Анасы мен әкесінен келген қоңырауларға қарамады да. Жүргізуші куәлігін аларда ата-анасына берген уәдесінің бөрінен айныды. «Үәде – Құдайдың екінші атауы, балам. Көлік ойыншық емес

саған, ол үлкен жауапкершілік, егер жолда мүлт кетсең өзің ғана емес, өзгені сорлатасың, сондықтан екі қарап, бір шоқып барып қозғал» – деп екеуі де миына әбден күйған. Оны тыңдар құлақ болса, кәні! «Мені бір кішкене бала көрсетіңдер!» – деп ата-ананың өзіне өкпе артқан. Ара-тұра өз иелігіне тие қалатын «Mercedes-Benz» маркалы автокөлігін армансыз бір басады дерсіз.

Үйренген осы әдетпен бүгін де екі дос күні бойы басып жүр. Өне-міне дегенше қас та қарайды. Күн көмескілене батып, даланы қою қараңғылық басқанда ғана Еділдің есіне көлігінің сығырайған фариның (шамына) дәурені өтіп бара жатқаны түсті. Ертен ауыстырамын деп қойды.

Осындай мағынасыз ойлардың жетегінде, музыканың тарсылымен әлдеқандай желіктің екпінімен келе жатқан, ескі көлікті қалай құстай ұшырғанын да сезбей қалды. Тіпті екеуі де қас пен көздің арасында не болғанын, өздерінің қайда ұшып бара жатқанын да ажыратып үлгермеді. Қарсы бетті жайпап өте шыққан мерседесті құдды бір атом бомбасы дерсіз. Аргы жағы көліктегі екеуге де түсінісіз болды.

Илияс Тоғызбаев істі қайта қолына алды. «Осы көлікке отырған жастар неге ерік-жігерден айырылады екен. Жол-көлік апатына қатысты істер күн сайын бас көтертпейді. Мынау соның ішіндегі ең ауыры. Алты адамның ажалына себепкер болу қандай ауыр. Адам тағдырына жауапты екенін сезіне алмаған кез келген азамат – қылмыскер. Себебі, біреуге Алла Тағаланың берген өмірін ешкімнің қиюға не оған зиян келтіруіне қақысы жоқ. Іс құжаттары

бойынша күдікті өз кінәсін толығымен мойындап отыр. Жәбірленуші тарапқа өтемақыларын шамаларының келгенінше туыстары өтеп те жүр. Бірақ қандай өтеу болса да, жақынының орнын қалай толтырсын. Сол себепті де ол – қылмыскер, жауапкер, сотталушы.

Сотталушы Е.Көшкінов, өзіне тағылған айыбын толық мойындап, 2020 жылғы 16 желтоқсан сағат 20.00 шамасында, өзінің басқаруындағы «Mercedes-Benz» маркалы автокөлігімен Қазығұрт ауданы арқылы өтетін «Шымкент-Ташкент-Термез» тас жолы бойында Қазығұрт ауданы Сарапхана ауылынан Қазығұртқа шыққан бағытында жол-көлік оқиғасын жасады. Ол өзі басқарып келе жатқан көлікте жолдың №761 шақырымында, бұрылып жатқан Газел автокөлігінен қашып, жолдың оң жақ жиегінде тұрған жәбірленушінің басқаруындағы «Mercedes-Benz 230 E» маркалы автокөлігіне соқтығысқанын, нәтижесінде алты бірдей жәбірленушінің қайтыс болғанын, жол-көлік оқиғасын абайсызда жасағанын, істеген қылмысына шын өкінетінін, кешірім сұрап, жеңіл жаза тағайындауын өтінді.

Сотталушы азамат Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 345-бабының 4-бөлігімен кінәлі деп танылып, оны осы бап бойынша 7 /жеті/ жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып 5 /бес/ жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Жазасын өтеуді қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде өтеу белгіленді.

Мәди ҚАНАТҰЛЫ

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Әр байқаудың мақсаты, межесі бар. Қазіргі шырқалып жүрген патриоттық әннің, алдаспан жырдың, көркем шығарманың біразы сол байқауларда дүниеге келген.

Байқау – ой қозғаушы, шабытты қамшылаушы. Сондықтан мұндай шығармашылық додаларды өткізіп, сынақты түрлендіріп, жандандырып отырудың маңызы зор. Биылғы детектив шығармалар байқауының да шартына біраз өзгеріс енгізіміздің себебі осы.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұсна-тұс келген байқау жүлдегерлерін бұл жолы қасиетті Түркістанда анықтамақпыз. Соған орай түркістандық судьялардың еңбегін шығармаларға өзек етсек, деректі детективті дамытуға қадам жасасақ дегенбіз. Байқаудың өн бойына қан жүгіртсек әрі осы өңірдің шытырман шығарма шеберлерін ынталандырсақ деген де ойымыз болды.

Мұндай қадамға баруымыздың тағы бір себебі: Біріншіден, кейбір үміткерлер бұрын жазған дүниелерін қайталап жібереді. Тіпті, биыл жүлде алмаған шығармасын келесі жылы бәйгеге қайта қосқандар да болды.

Екіншіден, қырық жыл бұрын жазған кітабынан үзінді ұсынгандарды да көрдік.

Үшіншіден, біреудің шығармасын сәл өзгертіп жолдағандар да бар.

Ал мына шарт – байқауға жаңа туындылар жаздыруға таптырмас мүмкіндік. Әрі ол үшін арнайы жүлде де қарастырылған. Сондықтан, қаламдарыңызды сайлап, шабытта-рыңызды шақыра беріңіздер!

Ескерте кетейік, БҰЛ БАСҚА ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУҒА ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС!!!

Біздің байқау үшін жазылған, ең мықты, ең шебер, ең көркем шығарма иесі – ЖҮЛДЕГЕР болады! Шығармаларыңызды «Байқауға!» деген белгімен zangazet@mail.ru поштасына жолдаңыздар.



МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665

Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамдиев 8 747 746 49 82.
------------------------	---

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй,
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanklamentaana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №116 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zankmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Гу** куәлікті **2017 жылғы 12 қаңтар**да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31